

КҮН ТӘРТІБІ

САҚТЫҚҚА
ШАҚЫРДЫ

2-бет

ДУБІР

ЖОЛДАР
ЖӨНДЕЛУДЕ

3-бет

ҚОҒАМ

МЫСТЫ
ҚОЛМЕН БАЛҚЫТҚАН

4-бет

РУХАНИЯТ

ҚҰРБАН ШАЛУҒА ҚАТЫСТЫ
ҚМДБ ТҮСІНІКТЕМЕСІ

6-бет

МЕМОРАНДУМ

ЕКІ ЕЛДІ МЕКЕН ТҮРҒЫНДАРЫ ГАЗ ЖАҒАДЫ



Жалпы ұзындығы 1136 шақырымнан тұратын «Сарыарқа» магистралды газ құбыры желісінің 26 шақырымы Жезқазған аумағынан өтетіні белгілі. Жезқазған қаласын газбен қамтамасыз ету үшін кезектен тұрады. 2019-2020 жылдарға жоспарланған I-кезектің бірінші іске қосу кешені аяқталды. Нәтижесінде аймақ бойынша көгілдір отынның игілігін алғашқы болып Талап және Пристанционный елді-мекенінің тұрғындары көрмек.



Газ таратушы компания – «ҚазТрансГазАймақ» АҚ. Әкімдік ғимаратында Жезқазған қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Аслан Арынов пен «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Қарағанды өндірістік филиалының директоры Талғат Қызылбаев екіжақты меморандумға қол қойды. Бұдан былай талаптықтар мен пристанционныйлықтардың үйлеріне газдың тұрақты түрде жеткізілуін «ҚазТрансГазАймақ» АҚ мойнына алатын болады.

– Талап ауылы мен Пристанционный елді мекенін газға қосу үшін 3,2 млрд теңге қаржы жұмсалды. Қазіргі таңда I-кезектегі 2-іске қосу кешенін қосу жұмыстары қарқынды түрде жүріп жатыр. Осының нәтижесінде жыл соңына дейін Қабанбай (Геология) кенті тұрғындары да газға қол жеткізетін болады. Әрі қарай келесі кезектер жалғасын табады. Жезқазған қаласы аймағына 2025 жылға дейін газ құбыры желісін тарту жоспарлануда, – деді

Аслан Арынов бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында.

– Бұл – «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ның Қарағанды облысы бойынша жүргізіп отырған алғашқы келісімшарты. Бұдан әрі Теміртау және Қарағанды қалаларымен әріптестік байланыс орнататын боламыз. Біз мердігер компаниялардан газдандыру желісін қабылдау алдында аса ұқыптылықпен қалағалау жүргізіп, тексеріп отырып, Дұрыс емес тұстарын түзеттік. Алдағы уақытта біз Талап пен Пристанционный кентінің тұрғындарына сапалы қызмет көрсететін боламыз. Осы орайда бізге сенім артуларыңызды сұраймыз. Тағы да қосатыным, газдандыру желісінде пайда болған кез келген техникалық қателікті жөндеу жұмыстары толықтай «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ның еңісінде, – деген Талғат Қызылбаев бәрнә турғындарды құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Бүгінде Талап ауылындағы 148 тұрғын үй мен 2 заңды



тұлға ғимаратына және Пристанционный елді-мекеніндегі 286 үйге газ тартылды. Әзірге газдың есептеу тарифі белгісіз. Бұл алдағы уақытта табиғи монополия саласындағы үкілетті орган тариф бекіткен соң тұрғындарға хабарланатын болады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЕСІМІ ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ҚАТАР АТАЛАДЫ



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев – ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіз әрі тұғырлы мемлекеттің негізін қалаған және елі үшін ерен еңбек еткен ұлы тұлға. Тәуелсіздік алған жылдары Нұрсұлтан Әбішұлы жаңа мемлекет қалыптастыру жолында көптеген тәуекелдерге барды.

Міне, сол тәуекелдің, сол еңбектің нәтижесінде әлемнің алпауыт елдерімен теремсіз тең, кереметіз кең тұратынды әрекетке жеттік. Тәуелсіздік алған жылдар аз ғана жылдар болса да, сол уақыттың өзінде дамыған мемлекеттерге өзімізді қазақ халқы ретінде, мемлекет ретінде мойындап алу қиын болғанымен, Елбасымыздың қолынан келді.

Еліміздің Тұңғыш Президентінің еңбегін, кеменгерлігін тек халқымыз ғана емес, әлем де мойындаған. Бұған дәлел ретінде, әлем көпбасшыларының пікірін айтуға болады. Мысалы, Ресей Федерациясының президенті Владимир Путин Елбасымыз жайлы «Нұрсұлтан Әбішұлы – саясатта көптең, Кеңес дәуірінде келе жатқан тұлға. Мені қатты таңғалдыратыны – оның заман тынысын тап басып танытыны. Бұл қасиет – бүгінгі әлемді дөп басып сезіне алатын қасиет оған қайдан дарыған?» деп зор ілтипаттың білдірген еді. Әрине, Қазақстан көп ұлтты мемлекет екені бәрімізге аян. Жер бетінде ел ішінде өзара тартысып жатқан ұлттар мен мемлекеттер өте көп. Ал Қазақстанда қазақ ұлтынан бөлек, жүз отыздан астам этнос өмір сүреді. Бастысы – олардың сағында емес. Маньшадасы – олардың татулықта күн кешуі.

Еліміздің Тұңғыш Президентінің еңбегін, кеменгерлігін тек халқымыз ғана емес, әлем де мойындаған. Бұған дәлел ретінде, әлем көпбасшыларының пікірін айтуға болады. Мысалы, Ресей Федерациясының президенті Владимир Путин Елбасымыз жайлы «Нұрсұлтан Әбішұлы – саясатта көптең, Кеңес дәуірінде келе жатқан тұлға. Мені қатты таңғалдыратыны – оның заман тынысын тап басып танытыны. Бұл қасиет – бүгінгі әлемді дөп басып сезіне алатын қасиет оған қайдан дарыған?» деп зор ілтипаттың білдірген еді. Әрине, Қазақстан көп ұлтты мемлекет екені бәрімізге аян. Жер бетінде ел ішінде өзара тартысып жатқан ұлттар мен мемлекеттер өте көп. Ал Қазақстанда қазақ ұлтынан бөлек, жүз отыздан астам этнос өмір сүреді. Бастысы – олардың сағында емес. Маньшадасы – олардың татулықта күн кешуі.

Еліміздің Тұңғыш Президентінің еңбегін, кеменгерлігін тек халқымыз ғана емес, әлем де мойындаған. Бұған дәлел ретінде, әлем көпбасшыларының пікірін айтуға болады. Мысалы, Ресей Федерациясының президенті Владимир Путин Елбасымыз жайлы «Нұрсұлтан Әбішұлы – саясатта көптең, Кеңес дәуірінде келе жатқан тұлға. Мені қатты таңғалдыратыны – оның заман тынысын тап басып танытыны. Бұл қасиет – бүгінгі әлемді дөп басып сезіне алатын қасиет оған қайдан дарыған?» деп зор ілтипаттың білдірген еді. Әрине, Қазақстан көп ұлтты мемлекет екені бәрімізге аян. Жер бетінде ел ішінде өзара тартысып жатқан ұлттар мен мемлекеттер өте көп. Ал Қазақстанда қазақ ұлтынан бөлек, жүз отыздан астам этнос өмір сүреді. Бастысы – олардың сағында емес. Маньшадасы – олардың татулықта күн кешуі.

САЙЛАУ-2021

Әкімдердің алғашқы тікелей сайлауының өтуіне екі аптадай уақыт қалды. Бүгін, яғни 9 шілдеде кандидаттарды ұсыну аяқталады. Ауыл әкімдігіне үміткерлердің нақты саны 14 шілдеде 18.00-ден кейін заңна белгілі болады. Қазақстан өңірлеріндегі әкімдерді сайлауға дайындық жұмысы қалай өтіп жатқаны туралы толығырақ Strategy2050.kz материалынан оқи аласыз. Үміткерлер саны туралы мәлімет күн сайын жаңартып отыр. 25 маусымда аудандық сайлау комиссияларының ішкі шешімімен еліміздің 14 өңірінің 176 ауданы 730 сайлау округінде сайлау өткізу жөнінде ішкі шешім қабылдады. Кейбір өңірлерде бәсекелестік болатыны байқалады. Себебі, сайлауға 4 саяси партия атсалысуда. Олар Қазақстанның Халық партиясы, «Адал», «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, Қазақстанның ең ірі президенттік «Nur Otan» партиясы. Науқан басталғалы бәрі республика бойынша барлығы 2322 кандидат тіркелген. Оның ішінде 7 шілдедегі ақпаратқа сәйкес 102 кандидат ауыл әкімдігіне ұсынылған. Атап айтқанда, 1455 адам (62,7%) – өзін-өзі ұсынғандар болса, 867 адамы (37,3%) саяси партиялар ұсынған. Саяси партиялардың ішінде ең көп кандидат – 588 адамы (67,8%) «НұрОтан» партиясы, 100 адамы (11,5%) «Ауыл», 70 адамы (8,1%) ҚХП, 56 адамы (6,5%) «АДАЛ», 53 адамы (6,1%) «АҚЖОЛ» партиялары ұсынды. Айтады, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы бұл де бір кандидат ұсынбаған.

ӨНІРЛЕРДЕ ҚАНША ӘКІМ САЙЛАНАДЫ?

Ақмола облысы
Сайлау жарияланған округтер саны бойынша Ақмола облысы айда. Шілденің соңында 95 әкімдік өкілеттік мерзімі аяқталады. Олардың екеуі – облыстық маңызы бар Ерейментау және Державинск қалаларының әкімдері. Ақмола облысы бөліше жана әкімдердің саны бойынша бірінші орында. Дауыс беру 200 елді-мекенде өтіп, 100 мыңға жуық ауыл тұрғындары қамтиды. Аймақта шілденің басында саяси партиялар 29 кандидат ұсынылатындығын жариялады, тағы 13 адам өзін-өзі ұсынууда. Өңірде ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізуге 238 сайлау комиссиясы – 20 аумақтық және 218 ұчаскелік комиссия қатысатын болады. Сайлау 153 мыңнан астам адам тұратын 227 елді-мекенде өтеді. Сондай-ақ, Ақмола облысында 239 ауылдық деңгейдегі әкім бар, оның 95-ін 25 шілдеде төрт жылдық мерзімге сайлау жоспарлануда.

Алматы облысы
Алматы облысының 222 мыңнан астам тұрғыны дауыс беруге қатысады. Сайлау процесі 71 ауылдық округте өтеді. Райымбек ауданында, Талдықорған және Қапшағай қалаларында бос округтердің жоқ болуына байланысты ауылдық округ әкімдерін сайлау өткізілмейді. Бүгінгі күні әкімдікке 243 кандидат ұсынылды, оның ішінде 167 – өзін-өзі ұсынған, 57 – кандидатты «Nur Otan» партиясы, 13 – «Адал» партиясы, 3 – «Ауыл» ХДПП, 3 – ГПК ұсынған. Оның басым бөлігі Еңбекшіқазақ, Ақсу, Алақол, Балқаш және Ұйғыр аудандарына тиесілі. Нақтырақ айтар болсақ, Ақсу ауданы бойынша 9 әкім, Алақол – 8, Балқаш – 6, Еңбекшіқазақ – 10, Екеселді – 1, Жамбыл – 2, Іле – 1, Қарасай – 1, Қаратал – 2, Кеген – 5, Кербұлақ – 4, Көксу – 4, Панфилов – 4, Сарқан – 3, Талғар – 4, Ұйғыр – 6, Текелі қаласы – 1 сайланатын болады. 60 әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталды. Тағы бесеуі басқа жұмысқа ауысты. Кандидаттарды ұсынуының алғашқы күндерінде 20 өзін-өзі ұсынған адам тіркелді.

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР



конференцияға өзек болды

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Жезқазған, Сатбаев, Түркістан қалаларының Құрметті азаматы, мемлекеттік қызмет саласының ардагері Жұмамади Ибаділдиннің туғанына 70 жыл толуына арналған «Мемлекеттік басқару: тәжірибе, тағзым және жаңа уақыт талаптары» атты конференция ұйымдастырды.

Газетіміздің өткен сандарында хабардар еткеніміздей, қала әкімдігінің қолдауымен Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде он жылға жуық мысты шаһарды басқарған білікті басшы, білімді азамат Жұмамади Ибаділдин туралы жарық көрген «Жезқазғанның Жұмамади» атты кітаптың тұсаукесері болып, оған оның жары Шониза Ибраева да келген болатын. Көрнекті тұлға есімін естен шығармай, өмірі мен еңбегін дәріптеуге арналған шаралар легі аталмыш конференциямен жалғасты.



► 3-бетте

COVID-19

АУРУДЫ ЕКПЕНІ ҚҰШІМЕН ЖЕҢЕ АЛАМЫЗ

Адамзат тарихында қан құйлы соғыстан оң қауіпті қырғындар көп болған. Олардың негізгі себептерінің бірі – жұқпалы аурулар. Оба, сүзек, тырсық, құтыр, қызылша, тұмау сынды көптеген аурулар асырлар бойы тосыннан тап келіп, халықтың басым бөлігін қырғынға ұшыратқан. Әлем халқын азапқа салған жұқпалы індеттің бірі шешек ауруы болатын. XVIII ғасырға дейін аталған ауру ойламаған жерден өріліп, әр жері сайын Еуропа жұртшылығын 30 пайызға жер жастандыратын. Аурудан аман қалғандарының барлығының үстінде жараның жазылмас ідері қалды. Тарихқа сүйенсек, XX ғасырдың өзінде аталған дерттен жер бетінің 300 млн халқы өлім құшты.



1796 жылы ағылшын дәрігері Эдвард Дженнер адамдарға жұқпалымен өлім жағдайына жеткізбейтін сиыр шешегімен ауырғандар көзділігін шешектің торына түспейтіндігін байқады. Ол сиыр шешегінің вирустарын медициналық жолмен жетілдіріп, адамға сынап көруді жөн санады. Сөйтіп сегіз жасар балаға сынақ жасаған дәрігер бірнеше жылдан кейін де әлгі баланың денсаулығына зиян келмегенін, оған шешек ауруы жұқпағанына куә болады. Кейін ол өз әдісін әскерилерге қолданады. Арада 200 жыл өткеннен кейін вакцина тарихында мол зерттеу еңбектерін жүргізген Луи Пастер аурудан қорғайтын ескелерге «vaccinus» деген жалпылама ат беруді ұсынады. Қазір бәріміз вакцина деп жүрген бұл сөздің латын тілінен аударғандағы не-

гізгі мағынасы – «сынды» дегенді білдіреді екен. Бүгінгі дамыған медицинада тірі, өлі, химиялық, ассоциацияланған сынды вакциналардың түрлері бар. Коронавирус індетіне қарсы шығып жатқан ескелер өлі вакцина түріне жатады. Қазіргі таңда қазақстандықтардың басым үлесі салдырып жатқан ресейлік «Спутник V» ескелесінде адамға зиян тигізбейтіндей етіп өзгертілген аденовирус (вектор) бар. Векторға SARS-CoV-2 вирусының тікен пішінді ауыз өндіретін гені енгізіледі. Қытайдың Біріккен Араб Әмірліктерінде өндірілген вакцинасы «Huat-Vax» ескесі мен отандық «QazVac»-тың қрамы ұқсас. Олар екеуі де адам ағзасына өлі коронавирусты жеткізіп, иммундық реакция тудырады.

► 8-бетте

Құрметті металлургтер мен байытушылар, қолданушы ардагерлер!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңіз – Металлургия және байытушы күнімен құттықтаймыз! Металлургия өнеркәсібі біздің мемлекетіміздің экономикасының басты тіректерінің бірі, оның дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бір-бірінен бөлек елестету мүмкін емес металлургия мен байытушының еңбегі барлық уақытта құрметпен абыройға ие. Осындай аса ауыр, күш салуды қажет ететін мамандықты таңдаған адамдарға еңбекорлық, шеберлік, табандылық пен адалдықтан.

Жезқазған Қазақстанның мысты шаһары бола отырып, осы ерен еңбек иелерінің өкілдерімен даңқы шыққан және олардың көпшілігі үшін бұл мамандықтар отбасылық дәстүрге айналған.

Әлемдегі ең ірі мыс өндірушілердің бірі Жезқазған мыс қорыту зауытына биыл – 50 жыл. Осы кезеңде көсіпорын дамуың үлкен жолынан өтті – бұл жаңғырту, жана технологияларды енгізу. Бүгінде ол «Қазакмыс» тобының жетекші құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Мыс байыту зауытының өнімдері бүкіл әлемге танымал және сапасымен жоғары бағаланады. Бұл металлургия мен байытушылардың бірнеше ұрпағының (сіңірген еңбегінің нәтижесі. Ардагерлер, өндіріс озаттары, болашағы зор жастар – басты байлығымыз, өйткені олар барлығы өз еңбегімен кәсіпорындардың және бүкіл Жезқазған аймағының тарихын құрып, дамуына ерекше үлес қосуда.

Құрметті металлургтер мен байытушылар, біздің күшіміз, тірегіміз және мақтаншымыз сіздерсіздер! Ерен еңбегіңіз әрдайым жоғары бағалансын, халыққа қызмет етіп, пайдасын әкеле берсін. Сіздерге зор денсаулық, бақыт, құт-берекес және амандық тілейміз!

Металлургия мен байытушылар күні құтты болсын!

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат ӘБСАПҒАРОВ

Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Әбдрахман ДУСАНОВ

ҰЛЫТАУДА ТУҒАН БЕЙНЕБАЯН



Ол «Ұлытауым – ұларым» деп аталады. Сөзін жазған Мұхамбетжан Әбілұлы, әнін жазған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, дүлдi әніші Ғалым МҰХАМЕДИН.

Жалпы, атакты әнші, ұстаз Жүсіпбек Елбековтың шәкірттерінің бірі, өзінің де есімі елімізге кеңінен танымал әнші Ғалым Мұхамедияұлы бұған дейін үш ән жазған болатын. Олар – Сайлаухан Ноеновтің сөзіне жазылған «Сарыарқа», Кетбұқа бабаның атакты «Сақ болғын» өлеңіне және Базарбай Әлеуханұлының сөзіне жазылған «Шоң» әндері. Өзін композициялар қатарына қоспаса да, Ғалекеннің бұл әндері халықтың жүрегінен жылы орын тепкенін атап айта кетуіміз керек.

Бейнебаян негіз болған әннің мәтінін шығарған Мұхамбетжан Әбілұлы Ұлытау аймағында ұзақ жылдар қаржы қызметкері болып жемісті еңбек еткен азамат. Зейнет демалысына шықса да шығармашылықпен айналысып келеді. Бұған дейін оның қаламынан өлеңмен жазылған «Арганаты – ата жұртым», Ұлытау ауданында өзі басқарған шаруашылықтарды алға сүйреп, білікті басшы атанған Әліпбек Бекетаев туралы «Дала академігі» кітаптары жарық көрген.

Туынды автордың туған жерге деген перзенттік іңкәр сөзін, осыдан 750 жыл бұрын Жошы ұлысы – Алтын Орда империясы туын тігіп, қадасын қадаған, одан бергі уақыттарда Ұлы Даланың бастан кешкен небір қилы тарихының карт куәгері киелі Ұлытаудың қасиетіне деген сүйінісі өрліп отырады.

Бейнебаянның сценарийін түзіп, монтаждаған – Төлеш Асанов, түсіруші оператор – Нұрбол Үздікбаев. Бейнебаянда Асанқайғының сөзін дыбыстаған – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Серік Бұлбақбаев.

Бейнебаян авторлары бұл туындыны «Алтын Орда» 750 жылдығына арнап отыр.

Бейнебаянда «Қазақ хандығы» телесериалынан, көне аспаптарды жаңғыртушы Азамат Бақияның «Ұлар үні» ролинген, Заратұштра туралы «Пикник» бейнебаянынан бейнеқатарлар пайдаланылған.

«Saryarqa-ақпарат»

SARYARQA-AҚПАРАТ

ВАКЦИНА ПАСПОРТЫН САТЫП АЛҒАН АДАМ ЖАНСАҚТАУ БӨЛІМІНЕ ТҮСТІ

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі вакциналау паспортын сатып алып, коронавируспен ауырған науқастар туралы айтты.

Инфекциялық ауруларды эпидемиологиялық қадағалау басқармасының басшысы Роза Қожанованың айтуынша, вакцина алған адамдар да ауырып қалуы мүмкін. Алайда, вакцина салдырғандарда ауру жеңілдеуі өтеді.

«Біз жұқтыру жағдайлары санын бақылап отырамыз: вакцинаның бірінші дозасын алғандар арасында – 1325 жұқтыру жағдайы, екі доза алғандар арасында – 964 жағдай тіркелген. Сондай-ақ біз вакцина салдырғандар арасында аурудың қалай өтетінін қадағалаймыз – ауруханаға жатқызылғандар бар, бірақ олардың көпшілігін ілеспе себептердің ауыр болғаны үшін ауруханаға жатқызуға», деді спикер.

Сонымен бірге Роза Қожанова вакциналау паспортын сатып алып, ауыр жағдайда ауруханаға түскен науқастар туралы айтып берді.

«Жансақтау бөліміне түсу бойынша да жеке келген жағдайлар болды. Мысалы бір адамның екпе салдырмай, заңнаманы бұзып, вакциналау паспортын алғаны белгілі болды, оны өзі коронавируспен жұқтырып, жағдайы ауырлағанда мойындады. Вакцина алған науқастарда жұқпаның ауыр өтуі сирек, тіпті төмен көрсеткіште деуге болады», деді Р. Қожанова.

ЭКОЛОГИЯ МИНИСТРІ ЕЛДЕГІ СУ ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ АЙТТЫ

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағұм Мырзағалиев еліміздегі су тапшылығы мәселесі туралы айтты.



Биыл су тапшылығына мәселесі қиын жағдайды көрсетті. Бастысы қаншама қиыншылықтарға қарамастан вегетация кезіндегі жағдай тұрақты. Дегенмен су мәселесі қаншада біздің басты назарда, – деді М. Мырзағалиев.

Айта кетсек, бүгін Экология министрі ҮЕҰ өкілдері және эко-белсенділермен бірге еліміздегі су шаруашылығы саласына қатысты мәселелерге арналған онлайн кездесу өткізді.

Алдымен М. Мырзағалиев егін маусымында отандық фермерлерді сумен қамту мәселесінің қалай шешіліп жатқаны туралы айтып берді.

Фермерлерді сумен қамтамасыз ету мақсатында біз келесі жұмыстарды жүргіземіз. Біріншіден, көрші елдермен қарым-қатынас. Сырдария өзені бойынша біз Қырғыз елімен қосымша су ағызу туралы келісімге келдік. Вегетация шыңында (маусым-тамыз) Токтоғұл су қоймасынан қосымша 330 миллион текше метр су қоры болады. Дәл осындай су көлемін Озбекстан аумағы арқылы өткізу туралы да уағдаластыққа қол жеткізілді. Сондай-ақ, тәжік және өзбек тараптарымен бірлесіп, биыл 16 маусымда «Бахри Точик» су қоймасының жұмыс режимін келісу бойынша маусым-тамыз кезеңіне арналған жұмыс кеңесінің хаттамасына қол қойылды, – деді ол.

Одан бөлек, министр елімізде қанша су қоры барын жеткізді.

МАУСЫМ АЙЫНДА ИНФЛЯЦИЯ 1,1% ҚҰРАДЫ

2021 жылғы маусым айында экономикалық жеке келген сегменттеріндегі бағалар өзгерді, деп хабарлайды ҚазАқпарат ҚР Ұлттық банкке сілтеме жасап.

Ұлттық банк таратқан мәліметке сәйкес, азық-түлік тауарлары бағасы өсті. Мамыр айымен салыстырған бір пайызға жоғарлады. Яғни 9,3%-дан 10,6%-ға дейін. Көкөністер 7,9%-дан 30,6%-ға дейін өсті, атап айтқанда ұзақ сақталатын көкөністерге (картоп, сәбіз, қызылша) бағаның күрт өсуі жеделдетуге негізгі үлес қосты.

Бұл тауарлардың айлық қарқыны соңғы жылдардағы рекордтық мөндерді көрсетті. Сонымен қатар, өндірушілер бағасының өсуі және әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағаның жоғаруы өсуін сақтау аясында өсімдік майы мен қанттың қымбаттауы жалғасты.

«Азық-түлік емес тауарларға жылдық инфляция маусым айында 6,9%-ға дейін (2021 жылғы мамырда – 6,7%) жеделдеді. Жеделдетудің негізгі факторы бензин, сондай-ақ ұзақ мерзімді тауарлардың (киім, автокөбілдер, жиһаз және тұрмыстық техника) қымбаттауы болды. Бензиннің қымбаттауы өндірушілер бағасының өсуі нәтижесінде жалғасты. Киім мен аяқ киім бағасының өсуінің жеделдеуі сұраныстың біртіндеп қалпына келуі және импорттың біршама қымбаттауы аясында байқалды», – деп атап өтті банкпен.

COVID-19

ОБЛЫСТА КҮН САЙЫН 8 МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМҒА ВАКЦИНА ЕГІЛЕДІ

Қарағанды облысында коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинацияланғандардың саны өсуде. Бүгінгі таңда вакцинаның алғашқы компонентін 314 023 адам алды, екіншісімен – 170 958 адам. Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Дүйсенбіде облыс әкімдігінде өткен аппараттық кеңесте Мемлекет басшысының 10 шілдедегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтылған тапсырмаларының орындалуы талқыланды.

– Мемлекет басшысы коронавирустық инфекциямен күрес жөніндегі шараларды қайта қарауға шақырды. Ол пандемиямен күрес форматы өзгеріп жатқанын және көптеген елдер вирустың таралуын нөлге дейін төмендетуді мақсат етпейтінін атап өтті. Президент ауыр жағдайлар мен өлім-жітімді азайтуға, сондай-ақ күрделі науқастарды емдеуге баса назар аударуға шақырды. Имундау ауру ағымының ауырлығын және өлім қаупін барынша төмендетеді, – деді облыс әкімі Жеңіс Қасымбек.

Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Гамаль Токсамбаевтың сөзіне сүйенсек, облыста вакцинация жалғасуда. Оның айтуынша, күн сайын КВИ-ге қарсы вакцинацияны шамамен 7000-8000 адам жасайды.

– Қарағанды облысында КВИ жұқтырудың 43291 жағдайы тіркелді. 38229 адам сауығып кетті. Соңғы екі аптада барлық қалалар мен аудандар бойынша аурушандықтың өсуі байқалады. Бұл өңіріміздің «қызыл» аймаққа өтуіне әкелді. «Дельта» – штаммының таралуы расталды. Облыстың денсаулық сақтау жүйесі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына дайын – тиісті жұмыс жоспары қабылданды, – деп баяндады ведомство басшысы.

Денсаулық сақтау басқармасының аппараты бойынша өңірде КВИ бар науқастарды емдеуге арналған

6 мыңнан астам төсек-орын бар, олардың 1 275-і резервте тұр. Балаларға 375 төсек-орын ұйымдастырылды. Жүкті және босанған әйелдерге арналған аурухана бөлек ашылды.

Қазір жұқпалы аурулар ауруханаларында 2 364 медицина қызметкері жұмыс істейді. Тағы мыңнан астамы резервте. Облыста бес шұғыл әрекет ету бригадасы құрылды, оларға инфекциялистер, реаниматологтар және пульмонологтар кірді.

Стационарларда дәрілік заттардың үш айлық қоры, емханаларда – бес айлық қоры қамтамасыз етілген. Қан орталығында антибактериалды плазма қоры құрылды.

Облыста 26 КТ аппараты жұмыс істейді. ПТР тестілерін он зертхана жасайды, тәулігіне 15 600-ге жуық зерттеу жүргізіледі, 20 мыңға дейін жеткізу мүмкіндігі бар.

Облыс әкімі медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайтуды жалғастыруды тапсырды.

САҚТЫҚҚА ШАҚЫРДЫ



Залалды індет ауыздықтауға көнбей тұр. Карантин шараларына қарамастан COVID-19 қайта өріс алуда.

Соның бір дәлелі – Қарағанды облысы, оның ішінде Жезқазған қаласының «қызыл» аймаққа өтуі. Бүгінде облысымыз Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары және Атырау облысымен бірге карантин жағдайы қатаңдатылған өңірлер тізіміне енді. Осы тұста халықтың нақты эпидемиологиялық ахуалмен ақпараттандыру мақсатында Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат РАНОВА брифинг өткізіп, вирустың таралу қарқыны туралы баяндады.

өкпені жасанды тыныстандыру құрылғысына 3 адам қосылды. Маусым айының 20-сынан бастап Жезқазған қалалық көпсалалы ауруханасынан 90 орынды инфекциялық бөлім ашылды. Жағдайдың күрделеніп жатқанын барлығыңызда көріп, естіп-біліп отырсыздар. Бұның бір себебі тұрғындардың аурудан сақтану талаптарына немқұрайлы қарағанынан туындап отыр. Отбасылық жиын-тойлардың, ұжымдық басқосулардың да тым жиілеп кетуі де ауру қаупін жоғарылатады. Алда Құрбан айт, Металлургтер күні мерекесі келе жатыр. Осыған байланысты үйлеріңізге көп адамды жинамауды және өздеріңіз де кісі қарасы қалың орындардан аулақ болуларыңызды


өтініп сұраймыз, – деген Ләззат Нәбиқызы аурудың алдын алуға шақырды.

Коронавирустың таралуына тосқауыл болып, одан келер қауіпті сейілетуін – вакцина ғана. Осы тұста қаламызда да екпе алушылар саны артып келе жатқаны көңіл қуантады. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы бөліскен сәйкес мысты шаһарға I компонентті вакцинаның 24241-і жеткізілсе, II компонент бойынша 19010-ы әкелінген. Соңғы есептеулер бойынша екпенің I компонентін екітүргендер саны 20105-ке жеткен, ал II компонентті алғандар саны 12075 адамды құрап отыр. Вакцина паспортын екі компонентті толық салғызғаннан кейін «eGov» электронды үкімет порталы арқылы алуға болады.

ЖАҢА КІТАП

ӨЛКЕТАНУШЫ ӨМІРІ ӨРНЕКТЕЛГЕН

Өлке тарихын танып, аймақ шежіресін тарқатуда толассыз ізденістер мен үздіксіз зерттеулер жүргізген «Құрмет белгісі» орденінің, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» мемлекеттік медальдары мен КСРО Ғарыш федерациясының Ю.Гагарин атындағы, С.Королев атындағы мерекелік медальдарының иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Сүтемген Бүкіровтің туғанына – 100 жыл. Ұлытау-Жезқазған аймағында музей ісінің іргетасын қалап, біріздендірген Сүтемген Тақабайұлы тек орталық өңірге ғана емес, жалпы республика жұртышылығы «Музей ата» ретінде біліп, айрықша құрмет етеді.



Биыл туғанына ғасыр толған Сүтемген Бүкіровтің өмірі мен еңбек жолын дәріптеп, есімін жаңғырту мақсатында әр түрлі мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылған болатын. Таяуда тағы бір жақсы жаңалық жетті. Жезқазған қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас-тамасымен Алматыдағы «Орхон» баспа-

ХАБАРЛАМА Әкімдікке кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы Жезқазған қаласы Талап ауылдық округінің Талап ауылы

2021 жылғы 14 шілдеде Жезқазған қаласы аумақтық сайлау комиссиясының отырысы өтті, онда «2021 жылғы 25 шілдеге тағайындалған Жезқазған қаласы Талап ауылы әкіміне кандидаттарды тіркеу қорытындысы туралы» қаулы қабылданды.

Сайлау комиссиясының төрайымы Б. Р. Битенова Жезқазған қаласы Талап ауылының әкімдігінде кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы баяндама жасады.

Ол 2021 жылғы 13 шілдеде Жезқазған қаласы Талап ауылдық округі Талап ауылының әкіміне кандидат Әлібек Өмірзақұлы Майгелдиновтың оны ұсыну жөніндегі өтінішті кері қайтарып алу туралы өтінішінің түсуіне байланысты Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының отырысы өткенін, онда Жезқазған қаласы Талап ауылының әкіміне кандидат А. У. Майгелдиновты тіркеуден шығару туралы мәселе қаралғанын хабарлады.

Жезқазған қаласы Талап ауылдық округі Талап ауылы әкіміне кандидаттың келіп түскен өтінішін қарап, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-6-бабына сәйкес сайлау комиссиясы Жезқазған қаласы Талап ауылы әкіміне кандидат Әлібек Өмірзақұлы Майгелдиновты, Жезқазған қаласында тұратын «Малшыбай ауылы Сарыкентірі ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы, «Қазақстанның Халық партиясы» ҚБ ұсынған кандидатты тіркеуден алып тастау туралы шешім қабылдады.

2021 жылғы 14 шілде сағат 18-дегі жағдай бойынша Жезқазған қаласының сайлау комиссиясы Жезқазған қаласы Талап ауылының әкіміне ұсынылған 5 кандидаттың ішінен 4 адамды тіркеді.

Тіркелген үміткерлердің ішінде үш (75%) ер адам және бір (25%) әйел адам бар.

Заңгер мамандықтары бойынша – 2 кандидат, Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандықтары бойынша – 1 кандидат, инженер-механик мамандықтары бойынша – 1 кандидат.

Кандидаттар арасында: 3-мемлекеттік қызметші, 1 – мемлекеттік кәсіпорын қызметкері.

14 шілде күні сағат 18,00-ден бастап Жезқазған қаласы Талап ауылының әкімдігіне тіркелген барлық кандидаттар ағымдағы жылғы 24 шілде күні сағат 00.00-ге дейін жалғасатын сайлау алдындағы үгітті бастауға құқылы.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының «Бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу үшін кандидаттарға қаражат бөлу қағидалары мен көлемін бекіту туралы» 2018 жылғы 25 тамыздағы №12/202 қаулысына сәйкес кандидатқа БАҚ-та өз бағдарламаларымен сөз сөйлеу үшін қаражат бөлу көзделген: радио-10 минут; мерзімді баспасөз басылымдарында немесе желілік басылымдарда екі мақаласын жариялау үшін 0,1 баспа табақтан артық емес. Барлық кандидаттарға заңнамада үгіт жұмыстарын жүргізу үшін тең жағдайларға кепілдік беріледі.

Ағымдағы жылдың 13 шілдесінде «Antikor.Live» жобасы аясында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің «Antikor орталығында» департамент басшысының бірінші орынбасары А.Оразхан мен Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы А.Санаубаровтың қатысуымен ауыл шаруашылығын субсидиялау мәселелері бойынша тікелей эфир өтті.

АГРОӨНЕРКӘСІП САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

А.Санаубаровтың мәліметі бойынша 2020 жылы республикалық бюджеттен 19 бағдарлама бойынша 19,9 млрд. теңге көлемінде субсидиялар төленді, 6 бағдарлама бойынша 11 млрд. 512 млн. теңге игерілді, облыстық бюджеттен 13 бағдарлама бойынша 8 млрд. 396 млн. теңге төленді.

2021 жылға белгіленген лимитке сәйкес 18 бағдарлама бойынша барлығы 16,1 млрд. теңге қарастырылған. Облыстық бюджеттен 13 бағдарлама бойынша барлығы 8,5 млрд. теңге қарастырылған. Оның ішінде өсімдік шаруашылығында 4 бағдарлама бойынша 2,7 млрд.теңге, мал шаруашылығы саласында 3 бюджеттік бағдарлама бойынша 5,8 млрд. теңге қарастырылған. Республикалық бюджеттен 5 бағдарлама бойынша 7,5.

Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасы субсидиялаумен байланысты 15 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Қазіргі уақытта бұл қызметтер толығымен автоматтандырылған «Қолдау» және «Субсидиялаудың ақпараттық жүйесі» екі ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл суб-

сидиялау бойынша қабылданатын шешімдердің транспаренттілігін қамтамасыз етеді.

«Өсімдік шаруашылығы» бағыты бойынша бөлінген қаражат есебінен ауыл шаруашылығы дақылдарының 6 мың тоннадан астам өнімділігі жоғары тұқымдарын сатып алу қамтамасыз етілді, 493 мың литр көлемінде пестицидтерді сатып алу субсидиялау қамтамасыз етілді және 425,1 мың га өңделді. Бұдан басқа, 5,8 мың га алаңда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен су жеткізу бойынша қызметтердің құнын субсидиялау қамтамасыз етілді, 173,4 мың га алаңда 12,7 мың тонна минералдық тыңайтқыштар сатып алу қамтамасыз етілді.

«Мал шаруашылығы» бағыты бойынша 5659585 мың теңге көзделген қаражат есебінен тауар өндірушілердің селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізгені және мал шаруашылығы өнімі өндірісінің құнын арзандатқаны үшін шығындарын субсидиялау жүзеге асырылатын болады.

«Saryarqa-ақпарат»

Өз тілшіміз



ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

конференцияға өзек болды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Онлайн режимде ұйымдастырылған келелі жиынға қаламыздың зиялы қауым өкілдері мен Жұмамәди Ибаділдиннің көзін көрген Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі замандастары жиналды.

– Тарих даңқты тұлғалардың еңбегі арқылы қалыптасады. Биыл өзінің шежірелі жолының 67 парағын жазып отырған туған қаламыздың тарихы айтулы тұлғалардың еңбек жолдары, олар атқарған үлгілі істерден және олардың өнегелі өмір тармақтарынан құралады. Мысты шаһар тарихында есімі алтын әріптермен жазылар тұлғалардың бірі әрі бірегейі – Жұмамәди Ибаділдин. Ол қалаға басшылық еткен тұста ауыз толтырып айтарлықтай біраз жобалар жүзеге асырылды, қала игілігіне жарар істер еселене түсті. Жұмамәди ағаның еңбек жолының жарқын сәттері Жезқазғанда өтті. Әр түрлі жауапты қызметтерді атқара жүріп, партия кеңес қызметтерінде де шыңдалды, өндірістік кәсіпорындарды да басқарып, біліктілігін арттырды. Жұмамәди Ибаділдин қала басшысы болған 1995-2005 жылдар аралығында қиын да күрделі кезеңді тұстар еді. Дегенмен ол өз алғырлығы мен еңбекқорлығы арқасында қала тіршілігін жандандырып, өлкенің қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани дамуына зор үлесін қосты, – деді конференцияда алғашқы болып сөз алған қала әкімі Қайрат Әбсаттаров.

Шара тізгінін ұстаған ақын, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ғазиз Шитанасев белгілі себептермен жиынға қатыса алмаған Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Жайлыбайдың конференция кейіпкеріне арналған «Ұлы дала ұланы» атты өлеңін көрермендерге оқып берді.

– «Аңыз тұлға, абыз тұлға – Кет-бұқа» кітабының тұсаукесеріне Жұмамәди Ибаділдин ағамыз да қатысқан еді. Сол сапарында ол ақын Жүрсін Ерман-



мен бірге, бір қонақүйге тұрақтады. Аталған кездесуден кейін Жүрсіннің «Егемен Қазақстан» газетіне мазмұнды мақаласы шықты. Сол мақалада ол ағамыз жайлы: «Мен бұған дейін Жұмамәди Ибаділдинді қатардағы көп шенеуніктің бірі ме деп ойлайтынмын. Сөйтсем, қателеспіппін. Оның Ұлытау-Жезқазған аймағының тарихын жанғыртуға қосқан үлесі өлшеусіз екен», – деп баға берген еді. Шынымен де ол Алашахан, Жошыхан сынды көптеген тарихи ескерткіштерімізге қайта жөндеу жұмыстарын жүргізді. Қаламыздағы «Ди-

лар» телсеарнасын сақтап қалып, мемлекеттік бас лицензияны алуына үлесін қосты. Жезқазған аймақтық «Сарыарқа» газетіне де қарайласып жүретін. Облыс тарқағаннан кейін өнердің қарашаңырағы саналатын С.Қожақұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрының, филармонияның әрі қарайғы жұмыстарын жалғастыруына мүмкіндік тудырды, – деген Қарағанды облысының Құрметті азаматы Төлеген Бүкіров замандас ағасы жайлы естеліктермен бөлісті.

Шара барысында сөз алып, ұйымдастырушыларға алғысын білдірген Жұмамәди Ибаділдиннің жары Шәһназа Ибраева алдағы уақытта Жезқазған қаласынан жұбайының атына көше беріле сөкен деген тілегін білдірді.

Одан әрі конференцияда ҚР Мемлекеттік сыйлығының, «Тәуелсіз Тарлан» сыйлығының иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Төрегелді Шарманов, қалагер, аликхантанушы, ҚР мәдениет қайраткері Қайырбек Сәдуақасов, ақын, Қазақстанның Құрметті журналисі Базарбай Әлеуахұлы, Жезқазған қаласы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің басшысы Жанбота Игенов өз зерттеулерімен таныстырып, естеліктерін ортаға салды.



Мен өмірімдегі үлкен сәттіліктің арқасында көп жылдар бойы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жанында жұмыс істеу құрметіне ие болғанымды әлденеше рет айтқанмын. Біздің алашқы танысуымыз Нұрсұлтан Әбішұлы республикалық партия комитетінің ел экономикасы мен өнеркәсібіне басшылықты жүзеге асыратын хатшысы болып жұмыс істеген кезде болды. Ол мені өзінің көмегісі болуға дәл сол кезде шақырды. Содан бастап осы кезге дейін – мейлі ол Президент Әкімшілігі, Парламент, министрліктер мен ведомствалар, дипломатиялық қызмет және т.б. жерлерде болсын, менің осынау аса көрнекті адаммен жұмысым тоқтаған емес. Мен оның пікірлес адамы және сенімді серігі болдым. Солай болып қала берей.



Қандастардың атажұртқа оралуы

Әрине, менде оның жұмысын бақылап қана қоймайтын мүмкіндік болды. Маған Нұрсұлтан Әбішұлының қызметінің әртүрлі кезеңдерінде қандай да бір көзқарастар мен ұстанымдардың қалай қалыптасқанын, шешімдердің қалай қабылданғанын көру және түсіну бақыты бұйырды. Бұл ретте, оның тұлға ретінде қалыптасуы, менің ойымша, теориялық модельдер шеңберіне сыймайды, ол жанды және ерекше тарихи құбылыс дер едім. Мұнда оның жеке басының ерекше қасиеттерінің де, өзгермелі тарихи ахуалдың да және қосбасшылықтың ерекше стилінің де әсері бар.

сондай-ақ КСРО-ның түпкір-түпкірінен келген мамандар жұмыс істеген бүкілодақтық маңызы бар кәсіпорындар болды. Әрине, посткеңестік кеңестік үшін қиын уақытта көптеген адамдар өз отанына оралуға шешім қабылдады. Басқа ұлт өкілдері – немістер, украиндар, белорустар, гректер, поляктар және басқалар дәл осындай себептермен кетіп жатты. Айтпақшы, олардың барлығы, әлі күнге дейін қазақтар мен Қазақстанды ыстық ақыласпен еске алады.

Сонымен бірге, халықтың едәуір азаны, демографиялық ахуалдың алайда-ушылық тудыруы, басқа да мән-жайлар ел басшылығынан жағдайды түзету үшін терең ойластырылған, жедел де батыл шаралар қабылдауды талап етті.

Қажетгі дайындық жұмыстарын жүргізе отырып, Президент Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылдың қыркүйегінде өткізілген Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайында шет елдерде тұратын отандастарымызға сөз арнап, оларды тарихи отанына оралуға шақырды. Сол кезде бұл үндеуге жүздеген мың қазақтар үн қосып, ата-бабаларының қасиетті жеріне оралған еді. Арнайы бағдарламалардың арқасында алғаш рет 1990-шы жылдардың соңына қарай көші-қонның теріс сальдосы қысқара бастады. Демографиялық және көші-қон салаларындағы тиімді шаралар елдің даму траекториясын оң жаққа қарай өзгертті.

Қандастарымыздың негізгі бөлігі екі мыңыншы жылдары көшіп келгені айта кету керек. Дәл осы кезеңде экономикалық мүмкіндіктердің артуына байланысты елде қоныс аудару үшін ең жақсы жағдайлар жасалды: тұрғын үй, жер учаскелерін сатып алуға субсидиялар берілді, жұмысқа орналасу мәселелері шешілді.

Тұтастай алғанда, тәуелсіздік кезеңінде тарихи Отанына бір миллионнан астам отандасымыз оралды. Олардың бейімделуіне жәрдемдесу, сондай-ақ бүкіл әлемдегі қазақтарды тарихи Отанның айналасына топтастыру үшін Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша «Отандастар» қоры құрылды. Қор біздің отандастарымыз әрқашан қолдау мен Қазақстанмен тығыз байланысты сезінуі үшін ел ішінде және шет елдерде үлкен жұмыстар жүргізуде.

Нұртай ӘБІҚАЕВ,
Мемлекет қайраткері, дипломат,
«Отандастар» қоры коммерциялық емес акционерлік қоғамның президенті

«Тәуелсіздік туралы 100 әңгіме»

ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛУДЕ



Теп-тегіс, шұрық-тесіктерден ада сапалы жол көлік жүргізушілерінің ғана емес, барлық жаяу жүргізуші халықтың рахатына айналғаны айтпаса да түсінікті. Қала көркін қашырып, сырттан келгендердің жүрегің ұшырап жоюсыз жолдар биыл біздің қаламызда да жөнделіп, жаңа реңкке енуде. Осынау «бақыт» бұйырған 8 көше қатарында Асылбеков, Аманжолов, Анарқұлов, Әуезов, Жанасов, Смаилов, Түсіпбеков, Шевченко көшелері бар. Оларға орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге облыстық бюджеттен 1 млрд теңге қаржы бөлінді.



Жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған байқау ІІ наурызда жарияланған болатын. Байқау қорытындысына сәйкес Асылбеков, Әуезов, Смаилов, Түсіпбеков көшелері мен 6-ықшам ауданда жөндеу жұмыстарын «АлмазҚұрылысҚазақстан», Аманжолов көшесіне «РайсКЗ», ЖШС-лары жүргізетін болады. Ал Анарқұлов, Жанасов және Шевченко көшелерін жөндеу «МК Групп» ЖШС мердігерлерінің мойнында. Аулашілік жолдарды «Жұмыскер» мердігерлік компаниясы іске асырады.

Бүгінде Аманжолов көшесінде демонтаж жұмыстары жүріп жатыр. Сейфуллин көшесі Ұлытау көшесіне дейін фрезаланды. Сондай-ақ, Сейфуллин көшесінен бастап Байқоңыров көшесіне дейін тегістеуге арналған жабынды төселді.

Анарқұлов көшесін тегістеу жұмыстары толық аяқталды. Ендігі қалғаны – жол шетін дурыстау. Өзге көшелер бойынша да

жөндеу жұмыстары осы жобада жүргізіліп жатыр. «Жолдар сапасы қала әкімдігінің қатаң бақылауында» дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мамандары.

Келесі кезекте ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілетін жолдар жайына тоқталсақ. Ағымдағы жөндеу жұмыстарына жарияланған байқау қорытындысына сәйкес «АрмСтрой» ЖШС жеңімпаз болып табылды. Аталған жөндеу жұмыстарына 60 млн теңге бөлініп отыр. Соның нәтижесінде 16 000 шаршы метр асфальтбетон жабыны төселіп, 10-нан астам учаскені жөндеу ойландырылды. Жоспар бойынша Гагарин көшесінің Әбдіров, Есенберлин, Мұқанов көшелерімен қиылысы, Абай көшесі мен Алашахан даңғылы бойындағы айналма жол және Иманжанов, Деев, Жәнісін 30

жылдығы, Байқоңыров тағы да басқа көшелер қарастырылған.

Ағымдағы жөндеу жұмыстары қыркүйектің соңына дейін толық аяқталады деп жоспарлануда.

Қала халқының шыдамын таусықан қайта қалпына келтіру жұмыстары да биылғы жазда оң шешімін таппақ. Су құбыры желілерін қайта құрудың І-ші және 3-кезектері аясында қазылған жалпы ұзындығы 18 010 шаршы метрді құрайтын жолдар да 30 қыркүйекке дейін толық тегістелмек.

Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны да былтырғы жұмыстарын аяғына жеткізіп, қазған жолдардың бұрынғы келбетін қайтаратын болады. Аталған мекеме 25-тен астам учаскесіндегі инженерлік қазба орындарын қазан айының соңына дейін қайта қалпына келтіруге міндетті.

БІТІМ БАРДА БИІКТЕМІЗ



Латын тілінен аударғанда «делдалдық ету» дегенді білдіретін медиация ұғымы бүгінгі қоғамда маңызды мәнге ие болып отыр. Кез келген дау-жанжалды сотқа жеткізбей шешіп, екі жақты ортақ мәмілеге келтіруді мақсат ететін медиация саласы қай кезде де өзара татулықты, бітімгершілікті басты орынға қояды. Медиация азаматтық, еңбекке қатысты, отбасылық және басқадай құқықтық қатынастарға байланысты, сондай-ақ ауырлығы шағын және орташа қылмыстық істер жөнінде тудындаған дауларда жеңі қолданылады.

Халықаралық статистикаға жүгінсек, орын алған дау-дамайлардың 30-40 пайызы медиация рәсімінен өтетін көрінеді. Сондай-ақ олардың 85 пайызы оң нәтижеге қол жеткізеді екен, яғни іс екі жақты бір келісімге келуімен тоқталады. Қазақстанда «Медиация туралы» Заң 2011 жылдың 5 тамызында күшіне енген болатын. Аталған Заң аясында жылдан жылға медиация орталықтары көптеп ашылып және кәсіби медиаторлар саны да артып келеді.

Мысты қаладағы кезекті медиация кабинеті Қарағанды облысы №2 көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында ашылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деп аталатын Қазақстан халқына Жолдауында дау-жанжалды шешудің баламалық тәсілдерін дамыту қажетін баса айтып қойды. Соған сәйкес ашылған медиация кабинеті азаматтардың құқықтарын басты орынға қою отырып, нәтижелі жұмыс атқарады деген сенім мол. Бұл кабинет заман талабына сай жөндеуден өтіп, жабықтықталған.

– Расында да, медиация бүгінгі қоғамның, оның ішінде сотқа дейінгі жұмыстардың ажырамас бөлігіне айналды. Қазақ халқы қай кезде де бірлікті басты орынға

қойған елміз ғой. Менің алдыма көбінесе ажырасуға бел байлаған жұптар, келесіздікке тап болған көршілер тағы да түрлі азаматтар келеді. Жай сөзбен түсіндірсен, екіжақты ымыра орнату оңайырақ. Бастысы – олардың ашуын одан әрі қоздырмай, дауды тоқтату. Сөзге тоқтап, істі ұшықтырмайтындыр жетерлік. Дегенмен, бітімге келу мүмкін емес, соттың көмегісіз әділдік таппайтын оқиғалар да кездеседі. Бүгінгі медиация кабинеті көмелет жасына толмағандар және олардың ата-аналары, қамқоршылары үшін пайдалы боларына сенемін, – дейді кәсіби медиатор маман Жұлдыз Есмүрзина.

САЙЛАУ-2021 ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ 75 САЙЛАУ ОКРУГІНІҢ 303 КАНДИДАТ ҰСЫНЫЛДЫ

Сайлауға кандидаттарды ұсыну кезеңі 9 шілдеде аяқталды. Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ерқара Аймағамбетовтың айтуынша, облыста барлығы 75 сайлау округінен 303 кандидат ұсынылды. Оның 87-сі саяси партиялардан үміткер болса, қалған 216-сы өзін-өзі ұсынған азаматтар.

– Барлық округтерде үш-жеті кандидат ұсынылды. Саяси партиялар 87 үміткерді ұсынды: «NurOtan» партиясы – 62, «Ауыл» ХДП – 5, «Ақ Жол» ҚДП және «ADAL» ПП – 3, ҚХП – 14. Орташа бәсекелестік бір орынға 4,1 адамды құрады, – деп атап өтті Ерқара Аймағамбетов.

Он төртінші шілдеде сағат 18:00-де Қарағанды облысында ауыл әкімдерін сайлауға кандидаттарды тіркеу аяқталады. Қазіргі уақытта облысайлауком олардың заңнама талаптарына сәйкестігін тексереді. 15 шілдеден бастап үгіт науқаны басталады.

Тексеру барысында мемлекеттік қызмет талаптарына сәйкес келмегендіктен 10 үміткерге тіркеуден бас тартылды. 303 үміткердің тағы бірі өз кандидатурасын алып тастау туралы өтініш берді. Осылайша, 10 шілдедегі жағдай бойынша 292 кандидат қалды, олардың 142-сі тіркелді.

– Сайлауалды кезеңінде үлкен бәсекелестік пен қызығушылық байқалады. Бір орынға 6-7 үміткерден ұсынған ауылдық округтер бар. Өзін-өзі ұсынған 216 адамның 90-ы сайлаушылардың қолдауға қажетті қолдарын жинады. Арнайы тексеруге 247 үміткердің құжаттары жіберілді, – деп толықтырды Ерқара Аймағамбетов.

Өлеуетті әкімдердің орташа жасы – 43 жас. Ең үлкені – 61 жаста. Әйелдердің жалпы саны шамамен 16%. Барлық үміткерлердің жоғары білімі бар.

Естеріңізге сала кетейік, 25 шілдеде Қарағанды облысында 130 мыңнан астам адам тұратын 149 елді-мекенде ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы өтеді. Тікелей сайлауды өткізуге 164 сайлау комиссиясы – 15 аумақтық және 49 учаскелік комиссия жұмылдырылады.

18 ШІЛДЕ – МЕТАЛЛУРГ КҮНІ

Биыл Жезқазған металлургия өндіріс тарихындағы айыпты кезең десе болады. Алғашқы мыс балқымасының алынғанына – жарты ғасыр. Осыған орай, олар төл мерекелерін түсті металлургияның алып отағына айналған мыс қорыту зауытының 50 жылдық белесі аясындағы серпінді еңбекпен қарсы алуға. «Қазақмыс» корпорациясы мен «Kazakhstan Smelting» ЖШС басшылығы жарты ғасырлық мерейлі мереке құрметіне орай сары алтындай сары мыс өндіруде ерен еңбектерімен танылған озаттарға талымды сыйлық жасауға шешім жасады. Металлургия күніне арналған салтанатта бір топ өндіріс мейлінше маңызды сыйлыққа жеңіл автокөлік тапсыру ұйғарылды. Солардың қатарындағы лайықтылардың бірі – Нұрлан ӘБУСАҚОВТЫҢ түпкілікті өнім шығаратын мысты электролиздеу цехында табан аудармай еңбек етіп келе жатқанына биыл 33 жыл болады.



МЫСТЫ ҚОЛМЕН БАТПАҒАН

Ол үлкен өндіріске бірден келген жоқ. Бірақ, жетпісінші жылдары Жезқазғанда жаңа мыс зауытының іске қосылып, даңқы дүрлідеп тұрғанына сұрттай қанық болатын. Нұрлан Ұлытау ауданының Шенбер ауылында туып өсті. Еңбек жолын 1974 жылы орта мектепті бітірген соң туған ауылында мал емдеуші-санитар болып бастады. «Еңбекке бейім болсаң, қатарыңнан кейін болмайсың» деген ата-әжесінің жиі айтатын нақылын құлаққа құйып өскен бала сол кездегі өз қатарластары сияқты шаруашылықтың қысы-жазғы науқандық жұмыстарының белортасында жүріп өсіріп, шырға түсті. Жас жігіт 1979 жылы Армия қатарындағы борыштан өтеп келген соң оқу кәсіп, мамандық алу керек деген шешімге келеді. Сөйтіп ол Арқалық қаласындағы Торғай совхоз-техникумына оқуға түсіп, техник-механик мамандығын алып шықты. Жолдамамен «Қараторғай» кеншарына барып ауыл шаруашылығы техникаларының механигі болды. Кейін өз ауылына ауысып келіп, осы мамандығы бойынша жұмыс істеуді одан әрі жалғастырды. Өзі ісіне тиянақты, жастар арасында белсенді болуының әсері болар, оны жоғары басшылардың ұсынысымен кеншар комсомол комитетінің хатшылығына сайлайды. Көңіл төрінде қызығы мол қалаға барып еңбек етсем деген бір тәтті ой қыла беріп жүргенімен, әкесі Совет қайтыс болған соң анасы Нариманның жағдайына қарайлап жүрген кезі еді. Тоғыз баланың үлкені осы Нұрлан болатын. Жастармен жұмыс істеу жаңына жаға түсті. Ауылдың мәдени-қоғамдық жұмыстарын жандандыруға өз үлесін қосты. Одан кейін Сәтбаев қаласындағы жолаушылар тасымалдау автокөсіпорнының Ұлытау колоннасында механик болып біршама еңбек етті. Дегенмен, көңілдегі арман оны ақыры қалаға қарай жетеледі. Жезқазған қаласына қоныс аударған бетте сол кездері жаңадан ашылып, ырығаты жұмыс істей бастаған керамикалық зауытқа орналасқан еді. Алайда, мұнда үш жылдай ғана еңбек етуге тура келді. Алғашқыда әжептәуір жұмыс істеп тұрған зауыттың тынысы тарылып, өнім өндіріуі ұзаққа бармады. Металлургия қатарына қосылуды көптен ойлап жүрген Нұрлан осы кезеңде белді бекем байлап мыс қорыту зауытына келді. Бұл – 1988 жылдың күзі болатын. Оны зауыт

басшылығы мысты электролиздеу цехына аппаратын етіп қабылдады. Міне, солдан бері ол осы цехтың негізгі буындарындағы жұмыстардың барлығына атсалысып, тәжірибелі маманға айналды. Әрине, жаңа мамандықты игеру мен тәжірибенің толысуы бір күнде келе қалған жоқ. Оған өзінің еңбекке деген ынтасы мен қажыр-қайратының арқасында қол жеткізді. – Ауысымның звено жетекшісі Мұхамедқарим Шөкенов пен бөлімшенің аға шебері Владимир Васильевтен мысты электролиздеу мамандығының қыр-сырын көп үйрендім. Балқыту цехына келетін анод күймаларын тазартып, катодтың сапалы шығуына қатысты жұмыстардың барлығын осы тәжірибелі мамандардан үйрене келе дербес атқаратын жағдайға жеттік. Аппаратшадан бастап әбден қалыптасқан соң 1996 жылы электролизші болып ауыстым. Ұжымдағы ортақ істің қайсысына болмасын тартыпбай қатысып жүремін. Мәселен, адам жетпей, жоспарды орындау қажетті туындаған кездері біз белгілі бір жұмыспен шектеліп қалмаймыз. Электролиз цехындағы негізгі жұмыстардың барлығына атсалысып, мыстың өз деңгейіне жетуі жолындағы жұмыстарды біресе атқарып отырамыз, – дейді Н.Әбусакөв. Нұрланның кейінгі ширек ғасырдан бергі жұмысындағы негізгі лауазымы – су ерітінділерінің электролиздеушісі деп аталады. Бейнелеп айтар болсақ мысты тазартып, қолмен баптап өз деңгейіне жеткізуі десе болады. Электролизшінің жұмысы өте жауаптылықты қажет етеді. Мыстың түпкілікті өнім ретінде сапалы шығуы бұлардың жұмысына тікелей байланысты. Мыс салынған ванналардағы ерітінділердің химиялық реакциясының технологияға сай дұрыс жүруі, электр желісінің тұйықталып қалмауы, тотияның ерітіндісін уақытпен сүзіп отыру сияқты қат-қабат жұмыстар қамсыз атқарылуы керек. Бір сөзбен айтқанда, анодтан катод мысын айырып алатын технологиялық үдерістер осы электролиздеу цехында жүзеге асырылады. Ең жоғары – 5-разрядты электролиздеуші Нұрлан Әбусакөвқа бұл жұмыстардың барлығы бес саусағындай белгілі. Оның күнделікті тынымсыз атқаратын ісі де осыған байланысты. Ванналардағы мыстың ерітінділерін дер кезінде уақытылы сүзіп алып отыру да аса маңыз-

ды іс. Сүзіп алынған мыс тотияғыны кептіріліп, ұнтаққа айналды. Оны бір тонналық қашыққа салып тұтынушыға жөнелту де осы Нұрландар еңбек ететін бөлімшеде жүзеге асырылады. Бір ауысымда екі қап толтырылып отырады екен. Тәжірибелі, өз ісіне ұқыпты азаматқа сенім артқан әріптестері мен цех бөлімшесінің басшылығы 2016 жылы Нұрланды бригадир етіп тағайындады. Бригадада 17 адам бар. Әр ауысымға олардың үш-төртеуі кезегімен келіп отырады. Бригадирмен бірлесіп, барлығы бір мақсатта түсіністікпен жұмыс істеудің арқасында тапсырма тиянақты, жоспар ойдағыдай орындалуда. Озаг электролизші жұмыс барысында тікелей аралас-құралас жүретін өндіріс басшыларының жұмысшыларға біліктіліктен бағыт-бағдар беріп отыратындығын да ризашылықпен атап өтті. – Учаске шебері білікті жас мамандардың бірі Ертеле Ишанбеков, цехтың катод бөлімшесінің басшысы Еркін Дүйсенбаев, электролиз цехының бас инженері Нұрбол Байқенов катод мысын сапалы шығаруға қатысты өндірістік технологияның өз деңгейінде сақталуын ұдайы бақылап, қадағалап отырады. Біздің бригадамыз жұмыстарын осы кәсіпкерлердің тапсырмасына сай атқарады. Бөлімшедегі қатарлас еңбек ететін әріптестеріміз негізінен өз ісіне ысылған, кәсіби мамандар. Олардың әрқайсысы ауысым кезіндегі өз міндеттерін жетік біледі. – дейді электролиздеуші-бригадир жұмысқа қатысты әңгіме барысында. От-жалынға оранып, газ бен түтін ортасында ондаған жыл бойы талмай еңбек етіп, биік белестерден көрініп жүрген құрыш қолды металлургия қандай құрметке болар лайықты. Осы сапта шыңдалып, озаттар қатарынан ойып тұрып орын алған Нұрлан Әбусакөв 2018 жылы ҚР Инвестициялар және даму министрінің ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталды. «Nur Otan» партиясы мен салалық кәсіподақ комитеті тарапынан алған Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары да аз емес. «Еңбекке қарай – құрмет» деген осы болар. Енді міне, ұзақ жылғы табан ақы, маңдай терінің өтеуінде, жоғары еңбек өлтірі бар өндіріс озаты ретінде темір тұлардың тақымына басытын болып отыр. Адал еңбек арқасында келген абыройың арта берсін, Нұрке!

Амандық РАХҰЛЫ

САЙЛАУ-2021

Өңірлерде Қанша Әкім Сайланады?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Кандидаттардың арасында мемлекеттік қызметшілер, коммерциялық құрылымдардың өкілдері, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ, уақытша жұмыс істейтін қоғамдық бірлестіктердің қызметкерлері де бар. Облыстың аумақтық сайлау комиссиялары 188 кандидаттың қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін анықтаған. Алайда, 9 кандидат сәйкес келмеген. Тағы бір адам өз кандидатурасын алып тастаған. Өңірде сайлауға 220 мыңнан астам адам қатысады деп жоспарлап отыр. Барлығы 17 аумақтық және 198 учаскелік сайлау комиссиялары. 1451 сайлау комиссияларының мүшелері жұмылдырылған.



шілде 39 ер адам және екі әйел бар. Ең жас кандидат 28 жаста. Облыста барлығы 40 әкім сайланады. Ең жас кандидат – 28 жаста болса, ең үлкені – 58 жаста. Үміткерлер арасында мұғалімдер – 14, заңгер – 10, экономика-қаржы маманы – 7, инженер-технолог – 3, IT-технология маманы – 2 адам болса, сондай-ақ, бірнеше өзге саланың мамандары да бір-бірден қатысу болуға ниетті. Қазіргі таңда өзін-өзі ұсынған 41 кандидаттың 19-ы мемлекеттік қызмет заңнамасымен қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес келетіндігі анықталған.

Қарағанды облысы Қарағанды облысында ауыл әкімдерін сайлауға 260 кандидат ұсынылған. Тікелей сайлау 149 елді-мекенде өтеді. Төрт жылдық мерзімге 75 ауыл әкімі сайланады. Облыс тұрғындары белсенділік танытып, 260 кандидат ұсынылды. Олардың 185-і өзін-өзі ұсынған, ал 75-і саяси партиялардан. Ең көп үміткерлерді «Nur Otan» – 61 ұсынды. Қазақстан Халық партиясы – 7 адам, «Ауыл» – 5, «Адал» – 2.

Ақтөбе облысы Өңірде 74 сайлау учаскесі жұмыс істейтін болады. Ауыл тұрғындары 35 әкім таңдайды. Ақтөбе облысы бойынша кандидаттарды тіркеу жұмысы жалғасып жатыр. Бүгінде аумақтық сайлау комиссиялары 111 адамның өтінішін қабылдап үлгерді. Оның 64-і партия, 47-і өзін-өзі ұсынған. Олардың 62-і мемлекеттік қызметкер болса, 28-і бюджетті саладан кезек белгілі болған. Қазіргі әкімдердің 10-ы да қайта сайлауға түсуге ниеттеніп отыр.

Атырау облысы Сайлау 18 аумақтық округ пен алты ауданда өтеді. Айта кетейік, өңір халқының 60%-дан астамы ауылдық жерлерде тұрады. Қазіргі өзінде 31 өзін-өзі ұсынған азамат ауыл әкімі лауазымына үміткер болып отыр.

Шығыс Қазақстан облысы ШҚО-ның 16 ауданында тікелей дауыс беру арқылы 77 әкім сайланады.

Жамбыл облысы Өңірде әкімдерді сайлау 2021 жылдың шілдесінен желтоқсанына дейін жоспарланған. 25 шілдеде 41 аумақтық округтің 38-інде тікелей сайлау өтеді. Тұрғындар 97 сайлау учаскесі арқылы дауыс бере алады. 12 аумақтық сайлау комиссиясы, 77 аумақтық сайлау комиссияларының мүшесі, 97 сайлау учаскесіндегі 647 сайлау комиссияларының мүшелері қызмет көрсететін болады.

Батыс Қазақстан облысы Өңірде бір күнде 31 әкім сайланады. Олардың кейбіреулері аудан басшыларына айналды. Облыстың 40 мыңнан астам тұрғыны дауыс береді. «Nur Otan» партиясынан 14 өтініш келіп түсті, кандидаттар саны бойынша екінші орында «Ауыл» партиясы, ол 7 кандидатты ұсынған. Сондай-ақ, 22 өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған. 84 ауылда әкім сайлауына дайындық жүріп жатыр. Өңірде барлығы 151 әкім болса, солардың 31-інің өкілеттік мерзімі аяқталуы жақын.

Қостанай облысы Өкімдерді сайлау 65 аумақтық округте өтеді.

Өзірге 132 адам өз ұсыныстарын білдірген. Өзін-өзі ұсынғандар Мендіқара және Федоров аудандарында, сондай-ақ Арқалық қаласында белсенді байқалады. Ал, Наурыз ауданында төрт ауылдың әкімі сайланды. Мұнда әзірге төрт адам өзін-өзі ұсынған. Олар лауазым талаптарына қаншалықты сай келетіні тексерілгеннен кейін ғана үміткер ретінде тіркеуден өтеді. Аудандық сайлау комиссиясының жұмысына 30 адам тартылған.

Қызылорда облысы Өңірде өзін-өзі ұсынған 41 адамның

Маңғыстау облысы Маңғыстауда ең аз әкімдер сайланады. Мұнда алғаш рет тікелей сайлау 10 аумақтық округте өтеді. Шілде айының басында 22 үміткер өз кандидатураларын ұсынған.

Нақтырақ айтар болсақ, Бейнеу ауданында Сарға, Есет, Төлеп, Сам аумақтық округтерінің әкімдері сайланатын болады. Осы округтерде 5 сайлау учаскесі бар. Сайлаушылар саны – 2380 адамды құрайды. Қарқия ауданында Құланды аумақтық округінің әкімі сайланады. Округта 1 сайлау учаскесі бар. Сайлаушылар саны – 837 адам. Маңғыстау ауданында 4 ауыл әкімі сайланады, олар – Жармұш ауылы, Қызыл ауылы, Оңды аумақтық округі мен Тұңғышқұдық аумақтық округі. Онда 5 сайлау учаскесі болады. Сайлаушылар саны – 4040 адам. Түпқараған ауданы бойынша 3 сайлау учаскесі бар. Сайлаушылар саны 6502 адамды құрайды. Ақшұқыр ауылының әкімі сайланады. Барлығы 4 аудан бойынша 13759 сайлаушы қатысады.

Павлодар облысы Алғашқы тікелей дауыс беруде 44 ауыл әкімі сайланады. Елді-мекендерде 140 сайлау комиссиясы жұмыс істейді, оның ішінде 14 – аумақтық және 126 – учаскелік. Жалпы комиссияларда 758 адам жұмыс істейтін болады.

Солтүстік Қазақстан облысы Өңірде барлығы 13 ауыл, аудандық маңызы бар төрт қала және 190 аумақтық округ бар. Алайда осы жолы сайлау төрт жылдық өкілет мерзімі аяқталған және өз қызметін мерзімінен бұрын бітірген ауыл округтері әкімдерінің арасында өтеді.

Солтүстік қазақстандықтар 71 аумақтық округ әкімін және Мамлютқа қаласының бір әкімін таңдайды. 225 үміткер өз кандидатурасын ұсынды. Оның ішінде Nur Otan партиясынан – 58, «Ауыл» – 3, «Ақ жол» – 2, «Адал» – 3, Қазақстан халық партиясы – 5 және 154 азамат өзін-өзі ұсынған.

Түркістан облысы Алғашқы тікелей сайлау 60 аумақтық округте өтеді. Әкім лауазымына 230 адам үміткер болып отыр. Олардың тек 76-сы – саяси партиялар, қалғандары – өзін-өзі ұсынған адамдар.

Айта кетейік, 14 шілде күні кешкі сағат 18:00-ден кейін аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер аумақтық округтер әкімдерінің сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстары басталады. 14-23 шілде аралығында болашақ әкімдер халыққа шығып, өздерінің сайлауалды бағдарламаларын ұсына алады. Әрбір кандидат үгіт-насихат шығаратынына 220-230 мың теңгеден алады (сомасы елді-мекенге байланысты).

«Nur Otan» партиясы жаңындағы Қоғамдық саясат институтының зерттеуі көрсеткендей, сайлау туралы барлық ауыл тұрғындары әлі біле бермейді. Сондықтан үміткерлерге дауыс берудің маңыздылығын жеткізу керек. Сонымен қатар, осы сайлауда сайлаушыларға барлығына қарсы дауыс беру мүмкіндігі бар екенін еске саламыз.

Дереккөз: Strategy2050.kz

БАБАЛАР АМАНАТЫ

2724,9 мың шаршы шақырым аумақты қойнына қысқан қазақ халқында не арман бар?! Осынау Алтайдан Атырауға дейінгі кең өлкенің шетсіз, шексіз даласы, бұйра бұлттармен таласа бой түзеген таулары, сарқыраған өзені мен айдын көлдері және толықны тайдай тулаған теңіздері бар ұлан ғайыр өлкені аманат қылған бағыр бабаларымыздың әруақтарына да мың тағзым. Қазақстан әлемде жер көлемі бойынша 9-орын алады. Еліміздің аумағы жер бетінің жалпы ауданының 2%-ын, Азияның 6,1%-ын құрайды. Қазақстан Еуразия материгінің ортасында орналасқан. Шекарасының жалпы ұзындығы 14594 шақырым, оның 13994 шақырымы құрлықтан өтеді. Ал Каспий теңізі арқылы өтетін еліміздің шекарасының ұзындығы 600 шақырымды құрайды. Аттың жалпында, түйенің қолында етігімен су кешкен талай қылы күндерді басынан өткеріп жүріп білектің күші, найзаның ұшының алып берген осы жердің мұрагері – біздер, біздің балаларымыз. Сан түрлі ғасырлар легінде қазақтың басынан небір тар жол, тайғақ кешу өтті. Соған қарамастан қанына сінген қайсарлығы, ер мінсзділігінің арқасында ұлттымыз бүгінгі күнге жетті. Міне біз аяғат елдің азаматы ретінде аса қастерлі Тәуелсіздіктің үшінші он жылдығын қарсы алғалы отырмыз. Адамзат мәдениетінде қаншама елдер бар. Олардың бәсіскін келбеті қандай бөлек болса, тілі, діні, мәдениеті, әдет-ғұрпы да сондай түрліше. Мен үшін жер жүзінде жаман ұлт жоқ. Барлық халықтың тілі, ұлттық құндылықтары өзінше ерекше,



өтті. Өйткені, бұл «мызғымас» делінетін Кеңестер Одағының ыдырап, егемендіктің ауылы жақындап келе жатқан тұс болатын. Ал ондай өптелі кезеңде елдің тізгіні жауапты тұлғаның қолында болуы тиіс еді. Тізгінді қолға алған күні-ақ Елбасы қазақстандықтарға алдағы өмірдің жеңілге түспейтіндігін, бірақ жақсы күндерге бірікпін татулық, іскерлік пен қабілеттілік арқылы жетуге болатынын ашып айтқан болатын. Не десек те көтере алмайтын шоқпарды белге байлағанды жөн санамайтын ұлттық ұрпағымыз ғой. Осы тұста Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев халық сенімін ақтай білді. Ол ел басқарған тұста шекарамызбен шетелдік қарым-қатынастың қалыптасуына пайда болды. Елдің ілгері басуы басыға тікелей байланысты. Нұрсұлтан Назарбаев салған сара жолды жалғастыра білген бүгінгі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың да сарабдал саясаткерлігін, халық қамын ойлаудағы әділ де ұтқыр шешімдерін атайы кету үлкен әбестік болар еді. «Халық үніне құлақ асатын үкімет» тұжырымдамасын жүзеге асырып, халық пен билік арасындағы байланысты нығайтқан Президентіміз алдыңғы-

Бекзат ӘУЕЛБЕК, №13 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Advertisement for KAZINFORM election system. Title: АУДАНЫҒЫҢ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛА, АУЫЛ, КЕНТ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІ БОЛЫП САЙЛАНАТЫН КАНДИДАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР. Content includes icons for candidates, voters, and election results, along with text describing the process and requirements for candidates and voters.

САЙЛАУ-2021

Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап ауылы әкімінің сайлауына «Nur Otan» партиясынан үміткер ҚАЙРАТ МҰРАТБЕКҰЛЫ БАПАНОВТЫҢ 2021-2024 жылдарға арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!
«Ауылдарды өмір сүруге қолайлы мекенге айналдыруымыз керек»
Н. Ә. НАЗАРБАЕВ, Тұңғыш Президент – Елбасы,
«Nur Otan» партиясының Төрағасы



Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда УӘДЕ БЕРЕМІН:
✓ 2024 жылға дейін (ЖК) ұзындығы 2 км болатын ауылышылық жолдар жөнделетініне;
✓ 2024 жылға дейін (ЖК және АДБ кірмеген) инвесторларды тарту арқылы өсімдік және мал шаруашылығын дамытуға;
✓ 2023 жылға дейін (ЖК және АДБ кірмеген) инвесторларды тарту арқылы спорт түрлерін дамытуға;
✓ Барлық жастағы адамдар үшін қолайлы заманауи жаттығу жабдықтары бар алаңдар салуға (ЖК және АДБ кірмеген);
✓ 2022 жылға дейін ауылды қолдандыруға (ЖК және АДБ кірмеген);
✓ Ауылды абаттандыруға, көркейтуге үлкен көңіл бөлуге (ЖК және АДБ кірмеген) күшімді саламын.

Мен ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін.
✓ Халықтың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыруға;
✓ Мәдени және рухани мұраны дамытуға үлесімді қосамын.

ҚЫМБАТТЫ АУЫЛ ТҮРГЫНДАРЫ!

Ауылымыздың ертеңі қандай болатыны сіз бен бізге байланысты. Сондықтан Сіздерді сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын. Сіздің дауысыңыз – өз жақын-жұрағаттарыңыз бен ауылдастарыңыздың бақытты және бақуатты өміріне қосқан үлесіңіз!

#BizBirgemiz

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАП АУЫЛЫНЫҢ САЙЛАУШЫЛАРЫ!

Мен, Қайрат Мұратбекұлы Бапанов Талап ауылында өстім. Бала кезімнен ата-анам мені адалдыққа, еңбексүйгіштікке үйретті. Енді мен әксеммен бірге балаларымызға сол құндылықтарды сіңіруге тырысамыз. Мемлекеттің және жергілікті басқару мамандығын бітіргеннен кейін мен осында орамып, Талаптың дамуына үлес қосуды жөн көрдім. Еңбек жолым салық инспекцияларында инспектор болып бастадым, слесарь, бригадир, учаске бастығы, персоналды басқару бөлімінің бастығы, жұмыспен қамту орталығының директоры, Малшыбай ауылының әкімі болып жұмыс істедім. Қазіргі уақытта Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары. Барлығының мені, ата-анамды және отбасымызды жақсы білесіздер. Ауыл тұрғындарымен, жастармен және олардың ата-аналарымен байланыс біздің ауылдың тұрғындары күн сайын қандай қиындықтарға тап болатынын түсінуге мүмкіндік берді. Жолдардың нашарлығы, бос уақытты тиімді өткізетін іс-шаралардың болмауы, әлсіз интернет, спорттың, оның ішінде ұлттық спорттың дамуына секілді ауылдағы бірқатар мәселелерді жақсы білемін. Бүгін мен бұл мәселелерді қалай шешуге және біздің ауылдың өмірін жақсартуға болатындығын анық түсінемін! Мен мұны тек сіздердің қолдауларыңызбен жасай аламын! Мен әрдайым байланыстамын! Тел/WhatsApp: +777 198 37 37, Электрондық пошта: bapanov_k@mail.ru

БЕРЕКЕЛІ АУЫЛ – ТАБЫСТЫ МЕМЛЕКЕТ! САЙЛАУҒА КЕЛІҢІЗ! МАҒАН ДАУЫС БЕРІҢІЗ!

ТАЛАП АУЫЛЫ САЙЛАУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУГЕ АРНАЛҒАН ҒИМАРАТТАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ

№	Елді-мекен атауы	Ғимарат мекенжайы
1	Талап ауылы	№14 Талап жалпы білім беретін орта мектебінің акт залы, Талап ауылы, Молодежная көшесі, 21-үй

ТАЛАП АУЫЛЫНДАҒЫ ҮГІТ БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ОРЫНДАРЫ

№	Елді-мекен атауы	Үгіт баспа материалдарын орналастыру орындары
1	Талап ауылы	3-ықшамаудан

ҚАРШЫҒА КҮЙЛЕРІ КҮМБІРЛЕДІ

Жезқазған қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі КММ-не қарасты М.Әуезов кітапхана-филиалы жанынан ашылған «Адалдық алаңы» жобасы аясында «Парасат жолы» орталығында ұлттық домбыра күніне орай Қазақстанның халық әртісі, дәулескер күйші-домбырашы, концертмейстер, дирижер Қаршыға Ахмедияровтың туғанына 75 жыл толуына орай «Шерпте күйдің шебері» атты күй сағаты ұйымдастырылды.



Шараның мақсаты – оқырмандарды күйші-домбырашы Қаршыға Ахмедияровтың өмірі және шығармашылығымен таныстыру, қазақтың күй өнерін дәріптеу. Аталған жынға қаламыздағы саз колледжінің мұғалімі Жалғас Сәдуақасов шәкірттерімен және медицина колледжінің мұғалімі Жібек Жалғасбаева студенттерімен бірге қонақ болды.

Ата ұстазы Қаршыға Ахмедияровтың шәкірті Салтанат Құдайбергеновадан алған сабақтарымен, ескірген естеліктерімен бөлісіп, оның «Ақ кайың» күйін тамылжыта орындады. Шара барысында Қаршыға Ахмедияровтың «Түбек», «Атырау», «Алтын ұя» күйлерін саз колледжінің студенттері Аружан және Ақжан Бұланбайлар өз нақышына келтіре орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ақынжанды жастар кейіпкерімізге арналған арнау-өлеңдерін оқыды.

Арнайы ұйымдастырылған көрмеге «Қазақтың мың күйі», Б. Қожырұлының «Қазақ елінің атақты музыка өнерпаздары», М. Әбуғазының «Қазақтың домбыра өнері», Қазақ мәдениеті энциклопедиялық анықтамалығы, «Күй – Ұран», «Табыну», «Шынар» кітаптары қойылып, оқырмандарға кеңінен насихатталды.

Айнеке ЖӘНБЕКОВА, М. Әуезов атындағы кітапхана-филиалы кітапханашы

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

ДАЛА ӨРТІН БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

Өрт – бақылаусыз жану, материалдық залал, азаматтардың өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіру. Дала өрттері ашық жерлерде шоп құрғақ кезде пайда болады. Олар табиғатта маусымдық сипатқа ие, жазда көбірек, көктемде аз кездеседі және қыста іс жүзінде болмайды. Ең қауіпті өрт көктемнің аяғында және жаздың басында, ауа райы құрғақ және ыстық болған кезде болады. Олардың таралу жылдамдығы сағатына 20-30 км жетуі мүмкін. Даладағы және егін массивтеріндегі өрттердің себептері: найзағай, құрлықтағы және әуе көлігінің апаттары, егін жинау техникасының авариясы, террористік актілер және қараусыз қалған ашық от.

Құрғақ мезгілде және далада отты пайдалану кезінде ерекше сақ болу керек:

- Далада тақыр жерлерде от жағу тиімді;
- от жағуға арналған орын құрғақ шөптерден, жапырақтардан, бұтақтардан және басқа да орман қоқыстарынан тазартылуы керек;
- отты қараусыз қалдырмаңыз;
- өрттің өшірілгенін көз жеткізбестен ол орынды тастап кетпеңіз;
- егер кішігірім өрт туындаса, оларды дереу сөндіру керек: су құйып, күмен, брезентпен жауып, дымқыл шүберекпен немесе бұтақтармен сөндіріңіз.

Өрттің қауіпті кезеңінде далада тыйым салынады:

- жанып тұрған сіріңкелерді, темекі шоқтарынан лақтыруға, темекі түтіктерінен ыстық күлді тастауға;
- далада майлы немесе бензинмен, керосинмен және басқа да жанғыш заттармен қаныққан материалдарды тастауға (арнайы бөлінген жерлерден басқа);
- жұмыс істейтін ішкі жану қозғалтқыштарының резервуарларын толтыру, электр жүйесіндегі ақаулығы бар техникасын жұмыс істеуге шығару, сонымен қатар жанар-жағармай құйылып жатқан көліктердің жанында ашық от қолдану;
- бөтелкелерді немесе әйнек бөліктерін қалдыруға;
- егін алқаптарында шөптер мен сабантарды жағуға;
- от жағу.

Дала өрті жағдайында халықтың әрекеттері:
Түгіннің көру аймағы 10 м-ден аз болған кезде оған кіруге тыйым салынады, өйткені бұл қауіпті.

Өрт болған жерде түнде демалатын жер ұйымдастыруға тыйым салынады.

Демалу және түнде демалу орындары өрттің локализацияланған бөлігінен 400 м қашықтықта орналасуы керек

және ені кемінде 2 м минералданған жолақпен қоршалған болуы керек.

Өрттің алдынан ауылға немесе жеке үйлерге жақындау қаупі бар болса, ғимараттардың ортенуіне жол бермеу үшін шаралар қабылдау қажет. Ол үшін ағаштар мен бұталардың кесілуіне байланысты орман мен ғимарат шекаралары арасындағы өрт алшақтықтары артып, ауылдар мен жеке ғимараттардың айналасында кең минералданған жолақтар ұйымдастырылып, су мен құм қорын көбейту керек.

Өрт ошағындағы ережелер:

- айналасында жапырақтардан, шөптерден және бұтақтардан үлкенірек аумақты тазарту қажет;
- өрттен кету үшін желге қарсы бағытта жүру керек, оттың артқы жағына өту үшін оны бүйір жағынан айналып өту керек;
- жанғыш жабдықтардан құтылыңыз, егер мүмкін болса, киімдегі кепкен жерлерді сулап отыру керек;
- бетті дымқыл мақта-маталы орамалмен немесе сүлгімен жабыңыз, барлық ерігіш киімдерді шешіп тастаңыз;
- өрт туралы 101, 112 телефон арқылы хабарлау керек.

Сондай-ақ, Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы қала тұрғындары мен қонақтарына ескертпелі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 438-бабына сәйкес бұзақылық ниетпен арнайы қызметтерді көрінеу жалған шақыру әкімшілік жауапкершілікпен жазаланады. «101», «112» мемлекеттік өрте қарсы қызметтің телефондарына адам өміріне қатер төнген кезде, өрт пайда болуы немесе өртенуі қаупі болған кезде ғана қоңырау шалу керектігін еске салады.

З. ВАЛШЕВА, Жезқазған қаласы ТЖБ МӨББ азаматтық қорғау капитаны



ЖЕМҚОРЛЫҚ – ИНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!



Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.

Басқа дамушы елдер сияқты, бұл кесел біздің мемлекетімізді де айналдырған өткен жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық нәрсе. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулатып және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ҚАТЕР ТӨНДІРЕДІ

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қызметтер жатады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 12-бабы бойынша жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға тәуелсізінген адамдардың, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауына жол бермеу мақсатында аталған адамдар белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, өздеріне:

- 1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;
- 3) мүлктік және мүлдік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми тартылуға жатпайтын қызметтік және өзге де апаратын пайдалану;
- 4) материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдау;
- 5) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу және иелену бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау.

Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану,

пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай төмендететіні, қоғамда демократиялық оң өзгерістерді жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа, сайып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Бұл кеселмен күресу үшін Қазақстандағы халықтың ерік-жігері сондай-ақ еліміздегі әр азаматтың түбегейлі ой ұстанымы қажет.

Ж. ЖОЛДАСОВА, Жезқазған қаласы ауданаралық әділет басқармасының бас маманы

СОТ ЖҮЙЕСІ



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІ

Елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Оның құндылығы сөзсіз. Мемлекеттік тілді күнделікті жұмысымызда қолдануымыз тіл аясын кеңейтуге қосқан үлесіміз. Бұл жезуге асырылатын жұмыс.



Оқырманның ойына мынадай ой келуі мүмкін: неліктен бұндай тақырып туындап тұр. Бұл заңды сұрақ, орынды ой. Себебі, мемлекеттік тілдің заң саласында қолдану аясы орыс тіліне қарағанда әлдеқайда кемшін. Бұл шындық.

Тұрғындардың басым бөлігі азаматтық сотқа өтініш, арыз жазған кезде мемлекеттік тілде емес, бұрынғы қалыптасқан қалыппен ресми тілде жазуды оңайсынады.

Заң бойынша сот азаматтардың сотқа жүгінген талап арыздары кандай тілде келіп түссе, сол тілде қарайды. Оны сот өз еркімен өзгерте алмайды, тек кейбір жағдайларда ғана талапкерлер мен жауапкерлердің қалауы бойынша іс өндірісінің тілі сот ұйғарымымен өзгертілуі мүмкін. Бірақ-та, бұндай да істердің саны әлі өте аз.

Мемлекеттік деңгейдегі қазақ тіліміз сөздік қоры бай, құнды болғанына қарамастан, бүгінгі күнге дейін қолданыс аясы әлі дамытуға қажетсіздігі. Сот жүйесінде мемлекеттік тілде ресми іс-қағаздарды жүргізу әлдеқайда жақсы жолға қойылып келетіні рас, нәтиже бар. Өйтсе де, азаматтардан келіп түсетін арыз, шағымдар ресми тілде түседі. Сәйкессіңше, жоғарыда айтылғандай, сот арыз қай тілде жазылды, сол тілде арыз берушінің талабына жауап береді.

Мемлекеттік тілді дамыту мақсатында сот саласында жылдан-жылға әр түрлі байқаулар жүзеге асырылуда. Мысалы, Жоғарғы Сот бастамасымен «Мемлекеттік тілдегі ең үздік сот отырысы», «Мемлекеттік тілдегі ең үздік сот актісі» атты байқаулар. Прокуратура, қорғаушылар, медиаторлар, сот орындаушылар және мемлекеттік мекемелердің басшылары мен олардың заңгерлері қатысуларымен бірталай кездесулер мен дөңгелек үстелдер және ай сайын «Ашық есіктер», семинар сабақтары жиі өткізіліп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде осы тақырып бойынша бірнеше материалдар да жарияланып келеді. Оның барлығы міндетті түрде өз септігін тигізуде.

Мемлекеттік тілді сот жүйесінде қолдануға әрбір қызметкердің азаматтық, моральдық жауапкершілігі, яғни осы саладағы әрбір қызметкер өз деңгейінде үлес қосып, көп болса көп болатыны рас.

Өрине, өзге тілдерді және ресми тілді қадірлеуіміз қажет екені даусыз. Қазіргі таңда қазақ тілде сөйлеп, үйреніп алудың ешбір қиыншылығы жоқ. Кез келген ұлттың не ұлыстың өзіндік ерекшелігі – тіл. Сондықтан мемлекеттік тілді қолданбау, білмеу үлкен адасушылық. Қытайдың атақты философы Конфуций да айтқан екен: «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі

туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды». Мағыналы сөздер. Қандай тілде сөйлеуге еркіміз жетсе де өз ана тіліне ештеңе жетпейді, оған сый-құрмет көрсетіп келесі ұрпаққа жеткізуге біз міндеттіміз.

Сотта іс қаралу барысында сот тараптары екі ұлт өкілі болса немесе куәлдерді жауапталған кезде мемлекеттік тілін меңгермеулеріне байланысты, құқықтары бұзылмау мақсатында аудармашыны қатыстырамыз. Кей жағдайларда талап арыздарда қандай талап қойылғандығын түсінбей тұратын талапкерлер де аз емес, бұл қазақ тілінде жетік білетін заңгер маманның жоқтығы. Мемлекеттік органдардың талап арыздары да сотқа ресми тілде беріледі. Бұл жағдай бірінші басшылардың жауапкершілігін көтеруді қажет етеді. Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметтің басты ұстанымының бірі. Сол себепті бұл бағыттағы маңызды қадам қатарында мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде білу керек деген талапты жедел түрде күшейтпесе болмай тұр.

«Бірілесіп көтерген жүк жеңіл» демекші қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін біраміз бірігіп үлес қосудымыз қажет.

Айым ЕСМУРЗИНА, Қарағанды облысының №2 кәсілетке толмағандардың істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңесшінің бас маманы – сот мәжілісінің хатшысы

БАС МҮФТИ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫНЫҢ ҚҰРБАН АЙТ ҚАРСАҢЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҮНДЕУІ

**КАДІРЛІ ОТАНДАСТАР!
ҚҰРМЕТТІ КӘСІПКЕРЛЕР!**

Мұсылман қауымының ұлық мейрамы – Құрбан айтқа санаулы күндер қалды. Ұлық күнде ісі мұсылман баласы шынайы ниетпен құрбан шалып, құрбандық етін мүгедектер мен жетімдерге, көпбалалы отбасылар мен қарттарға таратып, алғысын алуға тырысады. Адамның алғысын алып, бағасына бөлену – сауатты істің бірі. Халқымыз «Алғыс алған арымас. Бота алғанша бата ала» дейді емес пе?

Құрбан айтқа орындалатын негізгі ізгі амалдың бірі – құрбан шалу. Өйткені ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Адам баласы құрбан айт күні құрбан шалудан өзге амалмен Аллаға жақындаған емес...*» дейді. Демек Құрбан айт күні Аллаға ұнамды әрі ең сүйікті амал – құрбан шалу.

Айт күндері халық тарапынан мал сатып алуға деген сұраныстың арта түсетіні белгілі. Осы ретте еліміздегі барша шаруа қожалықтарының қожайындарын ұлық мейрам – Құрбан айттың құрметіне мал құнын шарықтатпай, халыққа оңтайлы бағаны ұсынуға шақырамын. Сонымен қатар, барша кәсіпкерлерді тұрғындар күнде тұтынытын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасына мүмкіндігінше жеңілдік жасауға үндеймін.

Құрбан айттың негізгі мәні мұсылмандар арасында өзара мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік



құндылықтарды қалыптастыру. Алланың рақым нұры төгілетін құрбан айтқа жұртымызға жақсылық жасап, көпшіліктің ризашылығына бөленейік.

Жаратушы Иеміз Құранда: «Өздерің жақсы көрген нәрсені Алла жолына жұмсамайынша игілікке жетпейсіңдер» («Әл-Иран» сүресі, 92-аят) деп баяндаған. Сауаптар еселеніп жазылатын сәттерде Алла разылығы үшін елдің жағдайын ескеріп, тауар бағаларына жеңілдік жасап, әр отбасыға қуаныш пен мерекелік көңіл күй сыйлауға тырысайық.

АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!

Сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «...Кімде-кім мұсылман бауырының қажетіне жараса, Алла Тағала да оның қажетін өтейді...» деген сүйінші хабар жеткізген.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қуаңшылықтан зардап шеккен өңірлердегі шаруаларға қолдау көрсету мақсатында «Қиындықта ел бірге» атты қайырымдылық акциясын бастады. Акция аясында Қызылорда, Маңғыстау облыстарына жем-шөп жөнелтілетін болады. Осы игі іске үлес қосып, сынақты сәттерді бастан кешіп отырған отандастарымызға қол ұшын созуға шақырамын.

Хақ Тағала кәсіптеріңізге береке, игі істеріңізге мол сауаптан жазғай! Әмин!

ҚҰРБАН ШАЛУҒА ҚАТЫСТЫ ҚМДБ ТҮСІНДІРМЕСІ

Биыл барша мұсылмандардың ұлық мерекесі – Құрбан айт, Алла қаласа, шілде айының 20-22-сі күндеріне тура келуі ықтимал. Осы жаздайға сәйкес Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрбан шалу рәсіміне қатысты төмендегі түсінірмені ұсынады.

Біріншіден, 2021 жылы құрбан шалу рәсімін өткізу екі жолмен жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары тарапынан рұқсат берілген жергілікті қасапханаларда санитарлық ережелерді қатаң сақтай отырып құрбан шалу рәсімін онлайн режимде, яғни дәстүрлі жолмен ұйымдастыру.

2) бүгінгі пандемия жағдайында құрбан шалушыға қолайлы жағдай жасау және көмекке мұқтаж жандарды қолдау мақсатында өткен жылдың тәжірибесін қолданып, құрбан шалу рәсімін шариғаттағы «өкілдік» қағидасына сәйкес www.qurban2021.kz сайты арқылы онлайн режимде жүзеге асыру.

Бұл жобаның мақсаты – қайырымдылыққа дәнекер болу, халықтың денсаулығы мен өміріне төнген қауіпті сейілтуге үлес қосу, құрбан шалуға ниет білдірген жандарға қарантин жағдайында оңтайлы жол ұсыну.

Екіншіден, карантин жағдайында қалада тұрып жатқан азаматтар үшін қашықтықтан өз атынан құрбан шалуға тапсырыс беру – оңтайлы шешім.

Шариғат бойынша адам өзінің атынан басқа кісіні белгілі бір іске уәкіл ете алады. Өйткені, адам баласы кейбір жағдайда бір істі орындауға мүмкіндігі болмай қалады. Осы кезде біреудің көмегіне жүгінді, яғни сол істі оған тапсырады, оны өзінің атынан уәкіл етеді. Бірде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Хаким ибн Хизам (Алла оған разы болсын) арқылы құрбандық сатып алуға тапсырыс береді. Біз осы оқиғадан шариғат бойынша уәкілге тапсырыс беру арқылы құрбан шалдыруға болатынын анық аңғарамыз.

Үшіншіден, ауылдық жерде жеке тұрғын үйде тұратын әр адамның мұсылмандық міндетін атқаруына ҚМДБ тарапынан ешқандай шектеу жоқ екенін жеткіземіз.

Төртіншіден, Ханафи мәзһабында құрбан айт күндері бай адамға құрбан шалу – уәжіп (міндет).

Шариғатымыз бойынша «бай» деп мал-дүниесі нисап мөлшеріне жеткен адамға айтылады. Нисап мөлшері – 40 оял (ешкі), яки, 30 ірі қара немесе 5 түйе, ол да болмаса қажеттілігінен артық 85 гр алтын (1230000 теңге) қаражат. Мал-дүниесі нисап мөлшеріне жетпеген, яғни жағдайы төмен мұсылманға құрбан шалу міндет емес.

Бесінші, Республика бойынша мұқтаж отбасылар құрбандық етін алу үшін www.qurban2021.kz сайты арқылы биыл 20 шілде күні айт намазынан кейін өтініш білдіреді. Мұқтаж отбасылардың өтініштерін қабылдау, сараптау және құрбандық еттерін жеткізіп беру жұмыстарымен ҚМДБ-ның жергілікті өкілдіктері айналысады.

Алтыншы, ҚМДБ қаржыға араласпайды. Құрбандыққа шалынатын түлік бағасы жергілікті нарық бағасымен көрсетіледі. Осы орайда еліміздің әр аймағындағы малдың бағасы әртүрлі екенін ескеру қажет. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және облыс орталықтарында малдың бағасы бірдей болмауы мүмкін.

Тапсырыс берушіден түскен қаражат мал иесіне, яғни сатушыға тікелей беріледі. Өйткені бұл делдалдық қызмет емес. Көрсетілген сомаға қасапшының қызметі ғана кіреді. Ал құрбандық етін бөлшектеп, мұқтаж жандарға тарату сынды барлық ұйымдастыру жұмыстары ҚМДБ мешіт жамағаты мен



еріктілердің көмегі арқылы тегін жүзеге асады. Бұл – құрбан шалуға тапсырыс беруші азаматтар үшін үлкен жеңілдік.

Жетінші, сайт арқылы тапсырыс қабылдап, құрбандық етін көмекке зәру жандарға тарату тәжірибесі Сауд Арабиясы, Түркия, Малайзия, Индонезия, Біріккен Араб Әмірліктері сынды бірқатар мұсылман мемлекеттерінде бұрыннан қалыптасқан жүйе. Бұл жыл сайын игі дәстүрге айналған. Жобаның басты ерекшелігі – құрбандық етін түгелдей мұқтаж азаматтарға тарату.

Сегізінші, аталған жоба санитарлық талаптарды сақтай отырып, халықтың өмірі мен денсаулығын сақтауды көздейді. Сонымен қатар жоба мақсаты – көмекке аса зәру азаматтарды қолдап, оларға ұлық мейрамда қуаныш сыйлау, аз да болса, қайғы-мұның сейілту. Құрбандық шалудың негізгі мәні осы.

Құрбандық етін мұқтаж жандарға үлестіру арқылы мұсылмандар арасында махаббат пен сүйіспеншілік артады. Сонымен қатар өзінің бойындағы қатыгездік, сараңдық сынды сипаттардан арылып, оны мейірімділік, жомарттық, кішіпейілдік қасиеттерге ауыстырады.

Алла Тағала шалған құрбандығымызды, берген садақамызды қабыл етіп, екі дүние игілігін нәсіп етпей!

Ақпарат құралдарында биылғы Құрбан айтта малды жөн-жосықсыз соймай, бар малды сақтан қалу және жиналған қаражатты қуаңшылық болып жатқан Маңғыстау мен Қызылорда облыстарына көмек ретінде беру туралы пікір айтылуда. Осыған байланысты біз де пікір білдіруді жөн көрдік.

БАЙҒА – МІНДЕТ, КЕДЕЙГЕ – КӨМЕК

Әуелі айтып кетер жайт, Құрбан айт намазынан кейін үш күн ішінде материалдық мүмкіндігі бар, жағдайы жақсы мұсылман адамға құрбандық шалу – міндет. Бұл – Алланың мұсылман баласына жіберген әмірі. Бұған қатысты қасиетті Құранда Алла Тағала: «Раббыңның разылығы үшін намаз оқы және құрбан шал» («Кәусар» сүресі, 2-аят) деп бұйырған. Алланың бұйырған амалын өзгертуге, оны бұрмалауға әсте болмайды.

Ал Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өміріне зер салсақ, Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) құрбандыққа екі ақ қосқарды сойған. Екі ақ қосқарды жатықызып, оны аяғымен тіреп, бисмилләні және тәкбірді айтып бауыздаған Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің өсиетті хадистерінің бірінде: «*Адам баласы құрбан айт күні (құрбан шалып) қан ағыздан да сүйікті басқа іспен Алла Тағалаға жақындаған емес. Қаны ағызылған мал қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан егерге тамбай жатып, Алла Тағаланың құзырында үлкен мақамға жетеді. Сондықтан құрбандардың көңіл ризашылығымен шалындар*» деген.

Құрбандық шалу адам баласын тақуалыққа жетелейді. Өйткені, мұсылман адам құрбандығын шынайы ниетпен, Алла разылығы үшін шалады. Алла Тағала адамның амалына емес, ниетіне қарайды. Сондықтан Ислам дінінде орындалатын кез келген амалдың сыртқы формасына емес, ішкі мазмұнына, яғни ниетке мән беріледі. Ниетті түзетудің мәні осында. Шын мәнінде бүкіл әлемнің Жаратушысы болған Раббымыз адамның шалған құрбандығына мұқтаж емес. Алла тек шынайы ниетпен жасалған құлшылықты қабыл етеді. Сондықтан Құранда мынадай аяттар келтірілген: «Аллаға олардың еттері де, қандары да жетпейді. Алайда Оған сендердің тақуалықтарың ғана жетеді» («Хаж» сүресі, 37-аят).

Құрбан айт күндері жабырқаған жандарды, қамқөңіл адамдарды, мүгедектер мен жетімдерді, жесір әйелдер мен қараусыз қалған қарттарды қуандырудың сауабы мол. Құрбандық етінің мұқтаж жандарға таратылуының мәні үлкен. Бай мұсылман құрбандық шалғаннан кейін оның етін көмекке зәру адамдарға тарату арқылы бойындағы қатыгездік, тәкаппарлық секілді жағымсыз сипаттардан арыла бастайды. Өйткені, садақа беру – мұсылмандардың арасына мейірімдік сынды сезімді ұялататын сауабы мол іс. Құрбан шалу – байға міндет, кедейге көмек болатыны сондықтан деп білеміз.

Ақпарат құралдарында тарап жатқан пікір арасында құрбандық шалудың орнына садақа берген дұрыс деген көзқарастар айтылып жатыр. Бұған қатысты Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Шариғат және пәтуа бөлімі мынадай жауап жазды: «Құрбандық шалуға міндетті болған адам



белгілі малды бауыздап, қан шығаруы тиіс. Біздің мәзһабта құрбан айт күндері құрбандықты бауыздамай, ақшасын садақа ете салу дұрыс емес. Өйткені, шариғат бойынша құрбандық малын бауыздап, қан ағызу – міндет. Алайда, сатып алған құрбандығын айт күндері шала алмаса, оны тірідей садақа етеді. Ал егер құрбандықты сойып қойған болса, оның барлық етін мұқтажларға таратады, өзі одан ештеңе жемейді. Өйткені, уақыты өтумен құрбандық міндеті садақа міндетіне ауысады. Егер құрбандықты әлі сатып алмаған болса, құрбандық құны мөлшерінде садақа етеді!»

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы еліміздегі барша мұсылман жамағаты мен кәсіпкерлерге жолдаған Үндеуінде: «Сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «...Кімде-кім мұсылман бауырының қажетіне жараса, Алла Тағала да оның қажетін өтейді...» деген сүйінші хабар жеткізген. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қуаңшылықтан зардап шеккен өңірлердегі шаруаларға қолдау көрсету мақсатында «Қиындықта ел бірге» атты қайырымдылық акциясын бастады. Акция аясында Қызылорда, Маңғыстау облыстарына жем-шөп жөнелтілетін болады. Осы игі іске үлес қосып, сынақты сәттерді бастан кешіп отырған отандастарымызға қол ұшын созуға шақырамын» делі.

Адамға жақсылық жасау үшін Алланың әмірін «өзгерту» шарт емес. Алла Тағала адам баласы үшін қайыр-жақсылығы болғаны үшін белгілі амалдарды парыз етеді. Ал оны орындамау немесе адамдарды сол парызды орындамауға шақыру – өте өрескел қателік әрі сұрауы жоғары болатын іс. Мұндай амал-әрекетке барудың өзі қорқынышты.

Алла Тағала еліміз бен жерімізге жақсылығын жаудырып, шалған құрбандығымыз бен берген садақамызды қабыл етіп, мол сауаптан жазғай. Әмин!

**Бақдаулет НҰРМАТУЛЫ,
Шымкент қаласының бас имамы**

Дереккөз: muftyat.kz

ҚҰРБАН АЙТ - ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ!
БҰЛ КҮНІ ҚҰРБАН ШАЛУДЫҢ САУАБЫ МОЛ!

І. ҚҰРБАН ШАЛАТЫН АДАМҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- қасапханаға міндетті түрде бетперде тағып кіруі;
- антисептик заттарын барынша пайдалануы;
- арақашықтықты қатаң сақтауы, бір-бірімен қол алыспауы;
- дене қызуы 37 градустан жоғары, сондай-ақ тұмау және басқа да ауру белгілері бар адамдарға келмеуі;
- жасы 65-тен асқан қариялардың, балалар мен әйел кісілердің құрбан шалатын орынға бармауы сұралады.

WWW.QURBAN2021.KZ

СУРАҚ-ЖАУАП

ПАРАҚОРЛЫҚТЫҢ ШАРИҒИ ҮКІМІ ҚАНДАЙ?

Пара – өзінің бас пайдасы үшін немесе қалағанына қол жеткізу мақсатында және ақиқатты жалғанға, бұрысты дұрысқа шығару үшін лауазымды тұлғаға, яки басқа бір адамға берілетін ақша немесе қымбат зат.

Мұсылман құқығында пара берушіні «раши», алушыны «муртәши», дәнекер болушыны «райш» деп атайды. Шынтуайтында, бұл үшеуі де паракорлық күнәсын арқалайды.

Шариғатымыз пара алуға және пара беруге қатаң тыйым салады. Алла Тағала Құранда: «*Бір-біріңнің мал-мүліктеріңді харам жолдармен жемендер. Сондай-ақ біле тұра ел-жұрттың мал-дүниесінің бір бөлігін күнәлі жолдармен жеу үшін (пара ретінде) басыңдарға беруші болмаңдар!*» – деп бұйырады. Келесі аятта: «*Олар – өтірікке құлақ салушы, арам жеушілер*» («Мәйда» сүресі, 42-аят), – деген. Осы аяттағы «сухт» сөзін имам Хасан және Саид ибн Жубайр сынды ғалымдар пара деп тәпсірлеген.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сухт жолымен пайда тапқан адамның жәннатқа кірмейтінін айтқан кезде қасындағылар: «Уа, Алланың елшісі, сухт деген не?» – деп сұрайды. Сонда Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Үкім шығару үшін пара алу*» (Ибн Жарир) деп жауап берген. Саубаннан (Алла оған разы болсын) жеткен риуаятта: «*Алла елшісі пара беруші мен пара алушыны және дәнекерлік еткенді лаянеттеді*», – деген (Имам Ахмад). Яғни пара алушы мен пара беруші арасында дәнекерлік жасаушы да ауыр күнә істеген болады.

Ислам ғұламалары пара алудың харам екенін бірауыздан мақұлдаған. Тіпті алдын ала шарт етіп берген сыйлық та пара болып есептеледі.

Парақорлық – қоғамның баяндылығын бұзатын індет. Пара жүрген жерде әділетсіздік орнап, адам мен қоғам құқығына қол сұғылып, занның күші жойылады.

Пара ретінде берілген мүлікті не сыйлықты алу харам болғандықтан, оны иесіне қайтарып беру міндет. Егер алынған зат табылмаса, сол заттың құнына тең басқа зат қайтарылады. Пара берген адам дүниеден өткен болса, ол зат оның мұрагерлеріне қайтарылады. Осылайша пара алушы бұл дүниедегі жазадан құтылады. Ал ақыреттік жазасынан құтылуы үшін Аллаға шынайы тәубе етіп, кешірім сұрау керек. Егер мүліктің иесін табу мүмкін болмаса, ол мүлік мұқтаж жандарға үлестіріліп беріледі (*Али Хайдар. Дурару әл-Хуккам шарх мәжәлләти әл-ахкам, «Дару алам әл-қутуб», 2003 ж., 4/592*).

ҮКІМ:

Пара алу мен пара беру және параға дәнекерлік жасау – харам. Парақорлық жолмен табылған табыс та харам болып саналады. Пара алумен жисан дүние иесіне қайтарылады. Мүліктің (параның) иесі табылмаған жағдайда, мұқтаж жандарға таратылады.

Дайындаған Хасан АМАНҚҰЛ
«Мұнара» газеті, №10, 2021 жыл

ДҮЙСЕНЫ 19 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN 6:05 «Қазыналы Қазақстан». Діф. 6:30 «Ауылдастар»...

СЕЙСЕНЫ 20 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN 6:05 «Дала өркеніеті». Діф. 6:30 АҚПАРАТ. 7:05 «Иман өзгерт». 7:30 «Аманат»...

СӨРСЕНЫ 21 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN 6:05 «Қазыналы Қазақстан». Діф. 6:30 АҚПАРАТ. 7:05 «Ауылдастар»...

БЕЙСЕНЫ 22 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN 6:05 «Қазыналы Қазақстан». Діф. 6:30 АҚПАРАТ. 7:05 «Ауылдастар»...

ЖҰМА 23 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN 6:05 «Қазыналы Қазақстан». Діф. 6:30 АҚПАРАТ. 7:05 «Ауылдастар»...

СЕНЫ 24 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN 6:05 «Қазыналы Қазақстан». Діф. 6:35 «Ғасырлар үні»...

ЖЕКЕСЕНЫ 25 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN 6:05 «Қазыналы Қазақстан». Діф. 6:35 «Талайы»...

История вакцинации. 21.00 Итоги дня. 21:30 «Сырлы қала»...

QAZAQSTAN 6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдыр»...

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «ӨМІР САБАҒЫ». ӨЗБЕК Т.Х. 08.10 «ЯСМИНИНҢ ТАҒДЫРЫ»...

21:30 «Сырлы қала». 0:00 «Сырты бүтін». 1:30 «Әсем әуен».

QAZAQSTAN 6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдыр»...

вакцинация. 21.00 Итоги дня. 21:30 «Сырлы қала»...

QAZAQSTAN 6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдыр»...

QAZAQSTAN 6:00 «Қазыналы Қазақстан». Діф. 6:30 АҚПАРАТ. 7:05 «Ауылдастар»...

алты шоу-концерті. 0:15 Телехикая марафоны. «Армандастар».

QAZAQSTAN 6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер»...

21:00 Дайджест «7 күн». 21:15 «Биле». Әли Оспанов.

QAZAQSTAN 6:00 Қалғамгер. 6:30 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь»...

ШИНА» 23:45 «МЕЛЬНИК». 01:25 «ТАНЫССЫЗ ТАНЫЛҒАНДАР»...

QAZAQSTAN 6:00 «Қуырдақ». 07:00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09:00 «Мезгілсіз сезім»...

06:00 Ризаман. 06:30 Әзілдер күнделігі. 07:10 «Неге?», 08:50 «Экстрасенсы-детектив»...

ЧЕРНЫЕ НОВОСТИ. 21.35 «Я ЛЮБЛЮ СВОЕГО МУЖА»...

QAZAQSTAN 6:00 «Қуырдақ». 07:00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09:00 «Мезгілсіз сезім»...

01:30 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 02:15 «СЕН МЫҚТЫСЫҢ, ТЕК АЛҒА»...

QAZAQSTAN 6:00 «Қуырдақ». 07:00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09:00 «Мезгілсіз сезім»...

«БАРЫШНЯ И ХУЛИГАН». 01.10 «КТКweb». 02.00 «СЕН МЫҚТЫСЫҢ, ТЕК АЛҒА»...

06:00 «Ү-гулет». 06:30 «Айна-online». 07:30 «Q-елі»...

QAZAQSTAN 6:00 «Ү-гулет». 06:30 «Айна-online». 07:30 «Q-елі»...

06:00 «Ү-гулет». 06:30 «Айна-online». 07:30 «Q-елі»...

QAZAQSTAN 6:00 «Ү-гулет». 06:30 «Айна-online». 07:30 «Q-елі»...

Рахымжан Жұмбаулы ЖҰМБАЕВ

Қаржы саласының ардагері, бұрынғы Жезқазған облысының Жезқазған қалалық қаржы бөлімінің басшысы Рахымжан Жұмбаулы ЖҰМБАЕВ 87 жасында өмірден өтті.



белгісімен марапатталды. Жезқазған облыстық халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің шешімімен 1984 жылы «Еңбек ардагері», КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан «Ерен еңбегі үшін» медалдарымен марапатталған.

1934 жылы 4 желтоқсан айында дүниеге келген. 1957 жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетін бітіргеннен кейін қаржы саласында қызмет атқарды.

қармасы бастығының орынбасары болып жұмыс істеді.

1988-1992 жылдары Жезқазған облыстық атқару комитетінің Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды.

СТИ. 21.35 «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА». 23:45 «МЕЛЬНИК». 01:25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»...

06:00 Ризаман. 07:00 Информбюро. 08:00 Концерт «Берекекелі керек»...

Оз ісінің жетік маманы, адал, еңбеккер, жақ мамандарға әкелік қамқорлық танытып, қаржы саласында жастарға жақсы тәлімгер бола білді.

Жезқазған қаласы қаржы саласының ардагерлері, осы салада бірге қызмет атқарған әріптестері марқұмын зайыбына, туған-туыстарына, балаларына қайғыларына ортақтасып көңіл білдіреді.

«Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

Махмуд Шабазұлы СМАЙЛОВ

58 жастан асқан шағында қасиетті Ұлытаудың тумасы, Ұлытау-Жезқазған аймағына сәулетші ретінде танылмай болған Махмуд Шабазұлы СМАЙЛОВ өмірден өтті.



маманы 2020 жылдан бастап осы бөлімнің бастығы болып қызмет атқарды. Марқұмның еңбек жолы аймақтың дамуына, сәулеті мен орден-медалдарына қатысты болды.

Ол 1963 жылы І қантарда Ұлытау селосында дүниеге келген. 1984 жылы Алматы архитектуралық институтын бітірген соң туған еліне оралып, Ұлытау селосында геодезист инженері ретінде еңбек жолын бастады.

1986-1988 жылдары Ұлытау өндірістік тобының аға инженері, бастышы қызметінде болды.

Өзеге онегелі өмір жолында Махмуд Шабазұлы бар білімі мен тәжірибесін, шығармашылық қабілетін қиын да қызықты бағыт архитектуралық арнады. Билығы 2021 жыл Махмуд Шабазұлының тың идеяларымен, батыл архитектуралық шешімдерімен қыза түскен еді.

06:00 «Қуырдақ». 07:00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09:00 «Мезгілсіз сезім»...

1988-1993 жылдары Ұлытау ауданының бас сәулетшісі, 1993-1997 жылдары облыстық бас сәулет басқармасы бастығының орынбасары, одан кейін Қарағанды облыстық құрылыс комитетінің бас маманы болып қызмет атқарды.

Махмуд Шабазұлы Смайловтың жарқын бейнесі, білікті маман, ардақты азамат, еліміздің шың патриоты ретінде біздің есімізде мәңгі сақталатын болады.


06:00 Ризаман. 06:40 Әзілдер күнделігі. 07:30 Информбюро. 08:40 «Экстрасенсы-детектив»...

1997-1998 жылдары Сәтбаев қаласының бас сәулетшісі болып қызмет атқарды. 2000-2006 жылдар аралығында бірақтар өндірістік мекемелерде жауапты қызметтер атқарды.

Қ. Әбсәттаров, А. Досанов, С. Қожамсейітов, А. Байқасымов, Т. Бүкіров, Е. Құсайынов, К. Бапанов, З. Ақылбекова, М. Ахметов, Д. Мұхан, К. Жансепенов, Г. Битенов, Е. Аянбаев, Л. Ранова, К. Смағұл, М. Келмағамбетова, М. Мырзабекова, Е. Есетов, В. Ставницкая, М. Сейдахметов, Г. Шомаева, Д. Мулатилов, Л. Әлжебаева, А. Сағимбаева, Ж. Ишанбаева, Ж. Мейрамғалиева.

Кәкімбек Нұртазаұлы БАҚТЫБАЕВ

Қатарымыз барады неге сиреп, Өмір жолы әркімнің ирек-ирек. Бұйрығы Жаратқанның келген күні, Күмәнісі, кідіріссіз тоқтар жүрек...



Қасиетті Жер-ана тағы да өзінің тойымсыз құшағын кеңінен ашып, Жаратқанның бұйрығымен өмір дүниесінде қала-туғыз тасылған тағы бір атпал азаматымызды қойнына алды.

06:00 «Қуырдақ». 07:00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09:00 «Мезгілсіз сезім»...

Артында қимас дос-жарандары, туған-туыс, бауырлары, жүректені қан жылаған жары мен балалары, күңірлеген елі қалды.

Қарғанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы мемлекеттік мекемесінің бөлімше жетекшісі болып қызмет атқарды.

06:00 Ризаман. 06:40 Әзілдер күнделігі. 07:30 Информбюро. 08:40 «Экстрасенсы-детектив»...

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасын» деген ұлағатты сөзге лайық бір жан болса, бірегейі осы марқам Кәкімбек бауырымыз еді.

Жезқазған қаласының тұрғыны, Қазақстан Республикасының Ішкі істер органында ұзақ жыл мінсіз қызмет атқарған асыл азамат, ҚР ІО ардагері, полиция полковнигі Кәкімбек Нұртазаұлы БАҚТЫБАЕВ 2020 жылдың 28 шілдесінде кенептен келген індеттен өмірден озғанына да бір жыл болыпты.

06:00 «Ү-гулет». 06:30 «Айна-online». 07:30 «Q-елі»...

Кәкімбек Нұртазаұлы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, қазіргі Жетіқойыр елді-мекенінде 1963 жылы 15 қазанда дүниеге келген. 1991 жылдың мамырынан Ішкі істер органы қызметінде, Жезқазған қаласының Ішкі істер бөлімі кезекші бөлімшесінің – желді кезекші көмекшісі, кезекші инспекторы лауазымынан бастаған. 1993 жылдан Жезқазған қалалық мемлекеттік автоинспекция бөлімшесінің мемлекеттік автоинспекторы, аға мемлекеттік автоинспекторы қызметінде болған.

Еске алушы: қызметте болған ІО бір топ ардагерлері.

06:00 «Ү-гулет». 06:30 «Айна-online». 07:30 «Q-елі»...

2012 жылдың тамыз айында Кәкімбек Нұртазаұлы полиция полковнигі шенімен зейнеткерлікке шықты.

06:00 Ризаман. 06:30 Әзілдер күнделігі. 07:10 «Бауыржан шоу»...

«Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы басқарма басшысының орынбасары Нұржан Серікұлы Орынбаевқа әкесі

«Saryarqa» газетінің редакция ұжымы «Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Нұржан Серікұлы Орынбаевқа әкесі

06:00 «Ү-гулет». 06:30 «Айна-online». 07:30 «Q-елі»...

Серік ОРЫНБАЕВТЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

«Saryarqa» газетінің редакция ұжымы «Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Нұржан Серікұлы Орынбаевқа әкесі

06:00 «Ү-гулет». 06:30 «Айна-online». 07:30 «Q-елі»...

06:00 Ризаман. 06:30 Әзілдер күнделігі. 07:10 «Бауыржан шоу»...


«Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы басқарма басшысының орынбасары Нұржан Серікұлы Орынбаевқа әкесі

06:00 «Ү-гулет». 06:30 «Айна-online». 07:30 «Q-елі»...

06:00 Ризаман. 06:30 Әзілдер күнделігі. 07:10 «Бауыржан шоу»...

«Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы басқарма басшысының орынбасары Нұржан Серікұлы Орынбаевқа әкесі

БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК KСJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС. Меншік несі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директор – бас редактор Дархан Қабылдашұлы МҰХАН



ҒАЛЫТАУ –

ҒАЛЫТАУ ДЫҢ ТӨАҚЖАТТЫ

Асуынан Ұлытаудың жау аспаған,
Топырағын торқадай жау баспаған.
Ұлтымыздың ұраны, киесі Ұлытау,
Ордасын тіккен хандар көне астанам.

Ұлытаудың табиғаты тарихқа бай,
Ұлт тарихы қапталған бұл мұражай.
Өрсеінде төрт түлік мал қаптаған,
Тасы кен, алқабы астық, асты мұнай.
Ұлы дала кіндігі, жер ортасы.
Байлықты, ұллықты берген құдай.
Ұлт ұйысын анттасқан бауырында,
Бөлек-бөлек жұрмеске бұдан бұлай.
Жер ұйығы қазактың, ұлт ұясы,
Сонғы жылы көркейді атына сай.

Әкім болып Ұлытауға Берік келді,
Құт-береке Берікке еріп келді.
Халық қолдап, игі істер атқарылып,
Бір-ақ жылда ғажайып көріктенді.

Қазактың құтты мешітханасында,
Ұрпақтың сарқылмасты санасында.
Тарихи ескерткіштер орнатылды,
Елдің ханы, бағыры, данасына.
Араласаң Ұлытауды жүрген дейсін,
Ғажайып ертегінің қаласында.

Кен байтақ Ұлы Дала қақ төріне,
Қазыналы, киесі Ұлытау бөктеріне.
Түбі бір түркі жұрты киес тұтқан,
Ескерткіш орнатылды көк бөріге.

Ұлытау ұлтымыздың ұраны еді,
Ұлары таудың киес, тұмары еді.
Көктөбенің киесі ұлар құсын,
Қашаннан көруге жұрт құмар еді.

Ортаға қойылды ұлар мүсіні де,
Ұлытаудың тұмары болып тұрады енді.
Құт-береке дарыған Ұлытауды,
Әу бастан мекендеген Тұран елі.

Алты өзен бас алған осы таудан,
Бар жиырма бір шалқыған айдын көлі.
Арқары тау басында асыр салып,
Кезінде құлан жортқан құла бөлі.

Тасты жарып тоқсан бір бұлақ аққан,
Бабалар суын ішіп қанған шөлі.
Жер ұйықты іздеген Асанқайғы,
Бабаңның Желмасы шөккен жері.

Үш жүздің бауырында басын қосып,
Бабалар ел тағдырын шешкен жері.
Осы жерден аттанып сарбаздары,
Есірген жаудың жолын кескен жері.

Қаптаған қалың жауды талқан етіп,
Қазактың мәртебесі өскен жері,
Жеткізіп тұр ғасырлар қойнауынан,
Халқымыздың басынан кешкендерді.

Көктөбенің самалы ескен желі,
Тәуелсіздік алудың арқасында,
Қазактың қайта жанды өшкендері.
— Қазактың қасиетті жерлері көп,
Делі Елбасы Ұлытаудың орны бөлек.

Көзін көрген кешегі бабалардың,
Жайқалған мынау қайың, мынау терек.

Арасында бабалар ізі қалған,
Мынау орман жамылған жасыл желек.
Мынау бұлақ бабалар суың ішкен,
Құратпай тұр орманды беріп көрек.
Әр бұтасы, әр тасы бұл Ұлытаудың,
Ғасырлар қойнауынан береді дерек.
Сондықтан да бұл жердің орны бөлек,
Қазіргі жас, кейінгі келер ұрпақ.
Ұлытаудың қасиетін білу керек...

Елбасымыз айтқандай орны бөлек,
Ұлытауды қойған Алла нұрға бөлек.
Ата-баба әруағы халқымызды,
Жатсын дейік әрқашан желеп-жебеп.

Ұлытау десе аталад қазақ аты,
Сақталған бабалардың ұлағаты.
Әр ру тасқа басқан таңба-мөрін,
Ұлытау – ұлтымыздың төлқұжаты.

Депутат боп Мәжіліске Берік кетті,
Ұлытауға көп іс жасап беріп кетті.
Жақсы істер жалғасын табады деп,
Ұлытаудағы халқына сеніп кетті.

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ,
Қазакстанның Құрметті журналисі,
Ұлытау ауданының Құрметті азаматы,
Абай, Шәкәрім медальдарының иегері,
үздік өлкетанушы

COVID-19

АУРУДЫ ЕКПЕНІҢ КҮШІМЕН ЖЕҢЕ АЛАМЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бүгінгі таңда ҚР Денсаулық сақтау министрлігі қытайлық «Sinovac», «Sinopharm» және америкалық «Pfizer» вакциналарына қол жеткізу үшін аталған мемлекеттермен келіссөздер жүргізуде.

Осыдан бірер күн бұрын ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев хабарлар еткен «Pfizer» мен «BioNTech» вакциналарының АҚШ-тың 78 жастағы президенті Джо Байденнің өзі алған болатын. Ал Аргентина президенті Альберто Фернандес Ресейде өндірілген «Спутник V» вакцинасын алуды жөн деп санапты. Солтүстіктегі көршіміздің екпесінен ем іздегендер қатарында Венесуэла президентінің ұлы Николас Мадуро Гера да бар. «Спутник V» вакцинасын сәуір айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та салдырған болатын. Аталған вакцинаның алғашқы компонентін маусым айында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та алды.

Түркия президенті Режеп Ердоған болса «CoronaVac» қытай препараттарын қоронавирусқа инфекцияға қарсы егілді. Өз денсаулығына бей-жай қарай алмаған Ватикандағы 84 жастағы Рим Папасы Франциск мен 93 жастағы Рим Папасы Бенедикт XVI «Pfizer» екпесін салдыртты. Бұл олардың жасында ерлікпен пара-пар екені рас.

Көпшіліктің сүйікті киножұлдызы, Калифорнияның бұрынғы губернаторы Арнольд Шварценеггерді білмейтін жан жоқ шығар. Ол да АҚШ-тың бірінші басшысы Джо Байденнің ісін қайталап, «Pfizer» және «BioNTech» вакциналарын салдырды.

Бүгінге дейін елімізде 38 мыңға жуық тұрғын екпе алды. Міндетті екпеге сай вакцина алуға ниеттілер саны күн сайын артып келеді. Өрине, қуанарлық жайт. Себебі, екпе алғандар саны көбейген сайын, COVID-19 індетінен келер қауіп те азая түседі. Бұл – бірінші кезекте өзіміз бен жақындарымыздың қауіпсіздігі. Екінші шілденен бастап күшіне енген Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер Ерлан Қисовтың қаулысына сәйкес барлық мекеме, халыққа қызмет көрсету орындарының қызметкерлері екпе алуға міндеттелген болатын. Олар екпені І компонентін 15 шілдеге дейін, ІІ компонентін тамыздың 15-іне дейін алуы қажет.

Аталған шешім ауру қатерін төмендету үшін жасалып отырғанын айтқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мынадай екі мәселеге тоқталғым келеді. Біріншіден, міндетті екпе салу кезінде асыра сілтеу болмауы тиіс. Медициналық себептерге және белгілі бір жағдайларға байланысты екпе салдырмайтын адамдар бар. Мемлекеттік органдар, әсіресе мониторинг жүргізу топтары осы мәселені ескеруі керек. Екіншіден, осыған дейін де айттым, вакцинация туралы жалған құжаттар жасау нарығы пайда болды. Мұндай деректерді тұтас қоғамның денсаулығы мен қауіпсіздігіне төнген тікелей қауіп деп түсіну қажет. Демек, жазаға тарту шарасы да қатаң болуы тиіс. Бұл Әкімшілік кодекске сәйкес заң бұзушылық екендігі айдан анық. Бірыңғай тәстілеу базасының үлгісімен екпе салудың цифрлық қарасын шұғыл түрде іске қосу керек», – деді Үкіметтің кеңейтілген отырысында.

Коронавирусқа қарсы екпені алғашқылардың бірі болып салдырғандардың бірі – Салтанат Есмағанбетова.

— Мен вакцина салдыру туралы шешімді әуелден-ақ құптаған болатыным. Осылайша наурыз айының ортасында «Спутник V» вакцинасын ектірдім. Өрине, алғашқы екі күні өзімді жайсыз сезініп, тұмаудың белгілері сияқты әсер болғаны, ұйқы рационының бұзылғаны рас. Ол – қалыпты жағдай. 21 күннен кейін ІІ компонентін алдым. Қазір жағдайым жақсы. Мамандығым мұғалім болғандықтан, үлкен аудиториямен жұмыс істеймін. Бастауыш және кезекші сыныптарға сабақ беретінім. Сол кездерде сыныптарда қоронавирус жұқтырған оқушылар саны көп болды. Бір бала ауру жұқтыру арқылы сыныптағы өзге оқушыларға, барлық ұстаздарға таратады немесе жағдай керісінше орын алуы мүмкін. Осы тұста барлығымыз да үрей үстінде жүргеніміз рас. Вакцина ектіргеннен кейін осы қорқынышым сейілгенді болды. Өзімді алаңсыз сезіне бастадым. Себебі менде иммунитет қалыптасып, антидене пайда болды. Әйтсе де, босануға болмайды. Біз әлеуметтік арақатынасты сақтап, маскалық режимді естен шығармауымыз керек, – деген ол барша тұрғындарға екпе алуға кеңес беретінін жеткізді.

НЕ СЕБЕПТІ ВАКЦИНА САЛДЫРУ ҚАЖЕТ?

- Себебі бұл – қоронавирусқа қарсы күресудің бірден-бір тиімді тәсілі
- Себебі бұл – иммунитетті көтерудің ең қауіпсіз тәсілі
- Өзіңді, жақындарыңды және екпе салынбайтын санатына жататын басқа адамдарды қорғау үшін
- Коронавирустың таралуын және оның мутациясын тоқтату үшін

KAZINFARM CORONA VIRUS 2020 KZ

Ақпараттық-цифрлы қоғам дамыған сайын адамдар өмірі және олардың жүріс-тұрысы түрлі қосымшаларға тәуелді болып келеді. Аталған үдеріс жер бетінде COVID-19 індеті ауыз салғаннан бері тіптен жеделдей түсті. Миллиондаған халықтың қозғалысын тәртіп сақшыларының немесе қандай да бір құзыретті органдар көмегімен бақылап отыру мүмкін емесі анық. Осы тұста әр ел өз азаматтарын аурудан сақтау, олардың жөн-жосықсыз қозғалысын бір ретке келтіру үшін түрлі қосымшалар ойлап таба бастады. Бұл жұмыс көрініс Ресейде «Путешествую без COVID-19» қосымшасы арқылы жүзеге асып жатыр. Осы арқылы Ресей өз халқының ПТР-тестінің нәтижесін бірден анықтау мүмкіндігіне ие болып отыр. Бұндай қосымша біздің елімізде де іске қосылды. Аты – «Ashyq». Оның ерекшелігі адамдарды тәртіп тұр арқылы бөліп, олардың қоғам үшін қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. «Ashyq» қосымшасында тұрғындар үшін «жасыл», «көк», «сары», «қызыл» түстер анықталған.

«ASHYQ» АНЫҒЫН АЙТАДЫ



Сонымен бұл түстердің қандай мағына білдіретініне тоқталайық. «Жасыл» түс ПТР-тест жасап, еріс нәтиже алған адамдарға беріледі. Мұндай адамдар еш алаңсыз, емің-еркін жүре алады. Жалпақ тілмен айтқанда «көк» түсті дәрежеңіз болса, кез келген есікті талтандай басып, «теуіп кіре аласыз».

«Көк» түс дегеніміз – ПТР-тестілеудің нәтижесі теріс деген сөз. Ол ауырғандармен байланыста болған адам ретінде тіркеуде тұрмайды. Яғни, «жасылдың» досысыз. Сізден де қоғамға қауіп жоқ.

Ал енді «сарының» сырғына үңілейік. Осынау алтынның түсі вирус тасымалдаушымен байланыста болғандарға беріледі. Оларға үйінің манайындағы дүкеннен азық-түлік алуға, дәрхананаға ғана баруға рұқсат. Өкінішке орай, өзге қоғамдық орындарға 14 күндік оқшауланудан кейін ғана аяқ баса аласыз.


«Қызылдың» жайы тіптен қиын. «Ashyq»-та «қызыл» түс жанса, демек ол адам – ПТР-тест тапсырған және он нәтиже шығып, бойынан қоронавирус індеті табылған деген сөз. Мұндай дәреже иелері не ауруханада, не үйде, еш жерге шықпай ел алуы қажет.

«Ashyq» қосымшасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қарамағына қарайды және оны «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның тікелей бақылауында.

Аталған қосымша әуежайда, теміржол вокзалында үздіксіз қолданыста. Қосымша бағдарламасын кез келген ұялы телефонға жүктеп алуға болады. Оған қоса оны «Gov mobile»-дің ішінде де таба аласыз. Сондай-ақ, «Halyk bank» және «Kaspi.kz» банктірінің мобилді қосымшаларының QR кодтары арқылы қолдануға болады. Жезқазған қаласы бойынша 70-тен аса қоғамдық орын «Ashyq» қосымшасымен жұмыс істейді. Олардың ішінде 44-і – қоғамдық тамақтану орындары. Бүгінге дейін қала бойынша «Ashyq» қосымшасы негізінде үш «қызыл» түсті дәрежелі тұрғын анықталған. QR коды сканерлеген мезетте сол азаматтың ЖСН-і арқылы толық ақпарат анықталып, жергілікті құқық қорғау органдарына мәлімет жіберілетін болады. Осылайша тыйым салынғанына қарамастан қоғамдық орындарды аралаған үш тұрғынның екеуінің ісі сотқа жөнелтіліп, оларға 14585 және 10210 теңге көлемінде айыппұл салынған. Сот процесінде зейнеткерлер мен көп балалыларға, әлеуметтік жағдайы төмен тұлғаларға арнайы жеңілдіктер қарастырылатын көрінеді. Өрине, ол соттың шешіміне сәйкес жүзеге асады. Ал «қызыл» дәреже анықталған үшінші жезқазғандықтардың ісі әлі де зерттелу үстінде.

ТАНЫМ

«Ақша – қолдың кірі» десек те, бүгінгідей нарық заманында көп мәселе көкқағазға келіп тірелетіні рас. Әмияныңыз қалыңдап, ақша шытыры көбейген сайын мүмкіндігіңіз малайып, ықпалыңыз да арта түседі. 2021 жылғы есеп бойынша әлемнің 70 елінде 2755 миллиард бар екен. Олардың көпшілігі әлем алауыттары саналатын АҚШ пен Қытайда тұрады. Ақша, бизнес туралы қандай да бір сараптамалық материалды естіп, көрген кезде қоса айтылатын, жұрттың бәріне етене таныс бір атау бар. Ол – «Forbes» журналы. Әлемдегі таралымы ең мол және 5-6 млн аралығында оқырманы бар «Bloomberg Businessweek» бизнес журналы болса да отандық аудиторияға таралымы бойынша екінші орын алатын «Forbes»-тың аты танымалырақ. Сонымен бұл журнал туралы не білеміз?



Әлем бойынша қаржы-экономика бағытында зерттеулер жүргізетін америкалық «Forbes» журналының негізін 1917 жылы Бертри Карл Форбс қалаған. Отбасындағы он баланың алтыншысы болып дүниеге келген ол жоқшылық зардабын жастайынан көріп өседі. Соның салдарынан 14 жасында мектепті тастап кеткен. Орта білімінің жоқтығына қарамастан талмай ізденуінің арқасында қаржы тақырыбында жазатын білікті журналистер қатарына қосылып, атағы жер жарған «Forbes» журналы жарыққа шығарды. Көзі тірісінде орын алған қаржылық тапшылықтарға қарамастан журналының АҚШ-тағы тәуелсіз басылым атағын сақтап қалу үшін барын салған ол түрлі айдарлар ашып, әлем оқырмандарының назарын аударта білді. Бүгінде журналдың оның 74 жастағы немересі, саясаткер Стивенсон Форбс басқарады. «Forbes» журналының қазіргі таралымы 6 мыңға жуық. Журналдың үздіксіз шығып тұратын ең танымал айдарларына сотті басталған жобалардың тарихы мен олар ұсынаатын тауарлар, сәтсіз жобалардың тарихы және себебі, табысты кәсіпкерлер жайлы деректер, бизнес саласындағы ең ірі жобалар, кіріс пен шығысты дұрыс есептеу, әлемнің ең бай адамдары, планетадағы ең бай бестік тізімі, шоу бизнес өкілдерінің табысы, бизнес-сикыр тақырыптары жатады. Әлемнің төрт бұрышында тұратын сан мыңдаған халық үшін штаб-пәтері Нью-Йоркқа орналасқан журналға қол жеткізу оңайға соқпаса анық әрі жұрттың бәрі ағылшынша біле бермейтін тағы бар. Сол себепті журнал АҚШ-тан бөлек 70 мемлекетте 26 тілде шығатын болды. Аталған журналдың қазақша нұсқасы 2020 жылдан бастап біздің елімізде де тарала бастады.

2021 жылы шыққан «Forbes» журналында әлем бойынша қалтасы қалың азаматтар анықталды. Бұл тізімге ену үшін олардың АҚШ долларымен есептегендегі жеке қаржысы миллиардтан асуы шарт. Сонымен миллиардерлер көшіні «Amazon» интернет-ретейлерінің иесі Джефф Безос бастап тұр. Оның былтырғы табысы 64 млрд АҚШ доллары болған, ал был оның байлығы 177 млрд-қа өскірген.

Екінші орында оның басты қарсыласы – Илон Маск. Бүгінде Марстан тіршілік нәрін іздеп, адамдарды чиппен басқаруға болатынын дәлелдеп жан ұшырған және жасанды санамен жұмыс істеу жолдарын игеріп жатқан оны бүгінгі әлем хас данышпанға балайды. Илон Масктың жылдық табысы әзірге 151 млрд-ты құрап отыр. «Tesla» электромобилін жасап шығарған 24 сағат ішінде оның компаниясының акциялары бірден 6 млрд долларға өсіп кеткен.

Үшінші «Louis Vuitton», «Sephora» сынды атақты 70-тен аса киім-кешек брендтерінің иесі саналатын Бернар Арно қорытындылайды. Әлемдік сән әлемін ұсынында ұстап отырған оның табысы – 150 млрд доллар.

Ал келесі орындарға 124 млрд доллары бар «Microsoft»-тың иесі Билл Гейтс пен 97 млрд доллары бар «Facebook», «WhatsApp» сынды әлеуметтік желілерге иелік ететін Марк Цукерберг жайғасыпты.

Әлем миллиардерлерінің қатарында қазақстандықтар да бар. Көш басындағы нөмірі бірінші қазақстандық миллиардер – 4,6 млрд доллары бар Владимир Ким. Ол жалпы тұрағын ең танымал айдарларына сотті басталған жобалардың тарихы мен олар ұсынаатын тауарлар, сәтсіз жобалардың тарихы және себебі, табысты кәсіпкерлер жайлы деректер, бизнес саласындағы ең ірі жобалар, кіріс пен шығысты дұрыс есептеу, әлемнің ең бай адамдары, планетадағы ең бай бестік тізімі, шоу бизнес өкілдерінің табысы, бизнес-сикыр тақырыптары жатады. Әлемнің төрт бұрышында тұратын сан мыңдаған халық үшін штаб-пәтері Нью-Йоркқа орналасқан журналға қол жеткізу оңайға соқпаса анық әрі жұрттың бәрі ағылшынша біле бермейтін тағы бар. Сол себепті журнал АҚШ-тан бөлек 70 мемлекетте 26 тілде шығатын болды. Аталған журналдың қазақша нұсқасы 2020 жылдан бастап біздің елімізде де тарала бастады.

2021 жылы шыққан «Forbes» журналында әлем бойынша қалтасы қалың азаматтар анықталды. Бұл тізімге ену үшін олардың АҚШ долларымен есептегендегі жеке қаржысы миллиардтан асуы шарт. Сонымен миллиардерлер көшіні «Amazon» интернет-ретейлерінің иесі Джефф Безос бастап тұр. Оның былтырғы табысы 64 млрд АҚШ доллары болған, ал был оның байлығы 177 млрд-қа өскірген.

Екінші орында оның басты қарсыласы – Илон Маск. Бүгінде Марстан тіршілік нәрін іздеп, адамдарды чиппен басқаруға болатынын дәлелдеп жан ұшырған және жасанды санамен жұмыс істеу жолдарын игеріп жатқан оны бүгінгі әлем хас данышпанға балайды. Илон Масктың жылдық табысы әзірге 151 млрд-ты құрап отыр. «Tesla» электромобилін жасап шығарған 24 сағат ішінде оның компаниясының акциялары бірден 6 млрд долларға өсіп кеткен.

Үшінші орында Вячеслав Ким иеленді. Ол 3,3 миллиард доллар капиталмен әлемдік тізімде 925-орында. Бизнесменнің көптің «сүйікті банкіне» айналған «Kaspi.kz»-тегі үлесі – 25 пайыз. Сонымен қатар ол «Magnum» сауда желісінің бақылау кеңесінің төрағасы.

Одан кейінгі ең бай қазақстандықтар қатарында Михаил Ломтадзе, Тимур мен Динара Құлыбаевтар және Тимур Тұрлытовтың есімі кездеседі. «Байлық – мұрат емес, келілілік ұят емес» десе те, аталған миллиардтарды арман етпейтін жан кемде-кем болар. Ендеше, аянбай еңбек етіңіз. Мүмкін бірер жылдан соң сіздің де есіміңіз «Forbes» журналында ең бай адамдар тізімінен орын алар. Бастысы – теріп-тепшік тірік етпеген тілегіңе де жетпейтінін естен шығармайық!

КОРОНАВИРУС - ОНЫ ЖЕҢУДІҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ ЖАППАЙ ВАКЦИНАЛАУ БОЛЫП ОТЫРҒАН ТАРИХТАҒЫ АЛҒАШ ІНДЕТ ЕМЕС

- 20 ғасырда вакцина алғанға дейін 300 миллионнан астам адам шешектен қайтыс болды
- 1994 жылдан бастап полиомиелитке қарсы вакцина егіле бастаған соң АҚШ, Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия "ата-аналардың қасіреті" деп аталып кеткен аурудан құтылды
- Вакцина ойлап табылғанға дейін қызылша жылына орта есеппен 2 млн 600 мың адамның өмірін қиятын
- Соңғы жылдары АҚШ пен Еуропада қызылшамен ауыру көрсеткіші қайта артып отыр, оған себеп - әлеуметтік желілерде кеңінен тараған "вакцинаға қарсы" адамдардың пікірі

COVID-19-ға қарсы вакцина алыңыз! Жақындарыңызға жанашыр болыңыз!

kazInfarm CORONA VIRUS 2020 KZ

Бет материалдарын дайындаған Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН